№3(177), 2023
(Наурыз-Март)

# МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ
# ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
*2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно*

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

**А. МАУЛЕНОВ, Ж. ТҮРІКПЕН-ҰЛЫ**
Тұғыры биік дара тұлға.........................................................3
**О. АЙМАГАНБЕТОВА, Э. АДИЛОВА**
Психолого-педагогические исследования Т.Т. Тажибаева 10
**П. АБДУЛЛАЕВА, М. КӨЛЕШОВА**
Университеттік орта болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде .......................................................................16
**Н. ЖАДРАЕВА**
Жасөспірім арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу шаралары мен жолдары ..................................22
**С. КАМИЛОВ**
Бала психикасының қалыптасуына отбасының әсері .......26
**А. МАХАНОВА**
Мектеп психологының диагностикалық қызметі жайында 29
**Л. ОМИЛАЕВА**
Программа «Счастливые родители – счастливые дети».33
(для родителей детей группы риска)..................................33
**Р. РАХИМБЕРЛИЕВА**
Конспект занятия с дефектологом .....................................38
**А. АРПАБАЕВА**
Жағымды қарым-қатынас орнатуға арналған жатығулар...............................................................................40
**Г. МАНАБАЕВА**
Жады мен ойлауды дамыту .................................................42
**С. МОЛДАХАНОВА**
Кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері..................................................................45

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Педагог LTD» ЖШС**

Бас редактор –
**Ақнұр ОЛЖАЕВА**
Ғылыми редактор –
**М. АХМЕТОВА**

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10964-Ж куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды 15. 03. 2023 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс:
8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58, 8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
**pedagog-ltd@mail. ru**

Журнал <<Print House GERONA>> типографиясында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа:
## Редакционная коллегия:

**М. Ахметова** – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

**О. Саңғылбаев** – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

**М. Перленбетов** – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

**Б.Р. Кадыров** - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

**М. П. Кабакова** – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

**Ш. Сатиева** – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

**Ә. Көкебаева** – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

**Ұ. Төлешова** – п.ғ.к.

(Алматы, ҚазҰПУ)

**Б. Бейсекеева** – педагог-психолог (Павлодар обл.)

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателеліктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
**Акнур ОЛЖАЕВА**
Научный редактор –
**М. АХМЕТОВА**

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 15. 03. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
**Адрес:** 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail. ru**

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word БАҒДАРЛАМАСЫНДА сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail. ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Тұғыры биік дара тұлға

**А. МАУЛЕНОВ,
Ж. ТҮРІКПЕН-ҰЛЫ**

Ежелгі Сыр өңірі. Талай аумалы-төкпелі заманның куәгері іспеттес. Сыр бойындағы көне қалалардың тарихын құм басып, әлі өзінің құпия сырларын ішіне бүгіп жатқаны да шындық. Көне заманның көзіндей болған нешебір обалар мен қала қирандылары тарихтың шерлі шежіресіндей күй шертіп тұрғандай. Сонау ескі замандарда Ұлы Жібек жолында сауданың көрігін қыздырып, мәдениеттер тоғысында гүлденген қалалар бүгінде тарих беттерінен елес болып сағымданып сыр шертеді. Адамзат тарихында Оқус пен Яксарт, Сейхун мен Жейхун бүгіндері Сырдария мен Амудария қос өзен алқабындағы өркендеген өркениеттің айтар аңызы мен тарихы өлшеусіз екені де белгілі.

Осы бір таңғажайып өлкеде 1910 жылы 23 ақпанда қазіргі Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент аулында Сырдың жағасында мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі – Төлеген Тәжібаев дүниеге келген. 1916 жылғы патшаның Июнь жарлығынан кейін жер-жерлерде дүмпу-дүмпу стихиялы түрде қарсылықтар болып, патшаның жазалаушы әскері тез басып, халықты сабасына келтіргендей еді. Бірақ та оның артынан 1917 жылдың ақпан айындағы жалпы Ресейлік көтеріліс басталып, Романовтар патшалығын тақтан тайдырады. Осы жылдары сыр бойындағы елді аштық жайлап, жұқпалы індет тарап халықты қырғынға ұшыратады. Бұл зұлматтан Тәжібаевтар отбасы да аман қалмайды. Әке-шешеден, бірге туған бауырларынан айырылған Төлеген жан сауғалап, жылжыған көшке ілесіп Арыс стансасына жетеді. Арыс теміржолының шетінде туғандарынан түгелдей айырылып, аштан бұратылып жатқан тұлдай жетім баланы қайырымды жан И.Ф. Кабанов деген орыс теміржолшысы тауып алып, үйіне алып келеді. Төлегеннің сол кезде күйеуге тиген жалғыз әпкесі ғана қалады. Міне осылай тағдырдың тауқіметін тартқан Төлегеннің екінші бір өмірі басталады. Жеті жасар Төлеген әке-шешесінен, туған-туысқандарынан айырылып, тұл жетім қалды. Арыс теміржолшысы, ақпейіл, қайырымды жан И.Ф. Кабанов кездеспегенде, оған жарық дүниені көруі екіталай болатын. Аштықтан әбден әлсіреп жатқан баланың аузына су тамызып, өлімнен арашалап, бесінші баласы етіп тәрбиелейді. Бұл – тек нағыз ізгі жанды адамдардың ғана қолынан келетін азаматтық іс еді.

Төлеген көп кешікпей мектепке барып сауатын ашты, сабақты өте

жақсы оқыды. Кейін Арыс қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1928 ж. Шымкент педтехникумына оқуға түседі. Мұнда ол сол техникумның директоры болған Алаштың атпал азаматы Жүсіпбек Аймауытовтың тәрбиесін көреді. Ұлы ұстаздың психология мен педагогикадан оқыған дәрістерін тыңдап, өседі. Өзі де сол ұстазы сияқты психолог, педагог болғысы келеді. Сол кезеңдегі солақай саясат Төлегеннің ұстазы Ж. Аймауытовты жапонның тыңшысы, кеңес үкіметіне қарсы әрекет етуші деген жала жауып, тұтқындалады. Соңынан еш тергеусіз атылып кетеді. Осы бір оқиға Төлегеннің жүрегін аяусыз тілгілеп кеткен еді. Осы бір қыжыл өмірінің соңына дейін жалғасып келді, -дейді белгілі психолог- ғалым Ж. Түрікпенұлы.

Техникумды үздік бітіріп, бірер жыл қызмет істегеннен кейін, Мәскеудің Н.К. Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына жолдама алады.  Төлеген осы оқу орнын 1935 жылы үздік бітіріп шығады да, сол жылы психология кафедрасының аспирантурасына оқуға қалдырылады. 1939 жылы Ленинградта белгілі кеңес психологы А.В. Веденовтың жетекшілігімен «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін қалаушы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Төлеген Тәжібаевтың тақырыбы туралы диссертацияның ресми оппоненттері профессорлар Ш. Ганелин мен Б. Ананьев оның еңбегін өте жоғары бағалайды. Кейін КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі болған профессор Б. Ананьев Тәжібаевтың сондағы зерттеулері жөнінде былай деп жазған: «Тәжібаев психология тарихында тұңғыш рет Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері жөнінде мәселе көтерген. Ол орыстың ұлы педагог ғалымына шынайы сүйіспеншілікпен қарап, оның мұрасын асқан мұқияттылықпен терең зерттей алған».

Бойына біткен іскерлік пен қабілеттілік ұстазына, халқына деген аса зор сүйіспеншілік оны Алматыға алып келеді. Жастайынан қалыптасқан зор ұйымдастырушылық қабілеттің арқасында оған 40-жылдардың өзінде-ақ аса жауапты қоғамдық-мемлекеттік, дипломатиялық қызметтер атқаруға тура келді. Мәселен, 1940 жылы 30 жасар Төлеген республика Оқу халық комиссарының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылды. Бір жылдан кейін ол Қазақ КСР Оқу халық комиссары болып тағайындалды. 1941 жылдын күзінде, жас ғалым, іскер азамат, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасарлығына көтерілді. Осы кызметте Төлеген 1944 жылдың тамызына дейін болды. Мұнан кейін Тәжібаев Казақ КСР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды (1944-1957 жж.) Сонымен қатар 1948-1953 жылдар арасында сол кез-

дегі С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры болып істейді. 1954 жылдың қазанында Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайтадан тағайындалды. Т. Тәжібаев біраз жыл дипломатиялық қызметтерде де болды. 1955-1958 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымына кеңес делегациясы басшысының орынбасары, ал 1956, 1957 жылдары делегация мүшесі ретінде Нью-Йоркке төрт рет барды. 1957-1961 жылдары дипломатиялық қызметке ауыстырылып, КСРО елшісінің кеңесшісі ретінде Үндістанда болды.

Т. Тәжібаев 1938-1964 жылдар аралығында үзілістермен ҚазПИ мен ҚазМУ-де ұстаздық етті. Осы жылдар ішінде оның қаламынан бірнеше монографиялар, оқу құралдары, жүзге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Бұл еңбектерінде психология мен педагогиканың теориясы мен тарихы, мораль, этика мәселелері, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің даму сатылары туралы қарастырады. Ол 1949 жылы профессор атағын алды, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

1939-1940 жылдары «Халық мұғалімі» журналының беттеріндегі үзбей жарияланған мақалаларында сол кездердегі психология ғылымының көптеген теориялық көкейкесті мәселелері, классикалық психологияның тарихы, оның даму, қалыптасу жолдары жан-жақты талдауға алынды.

Оқулық стилімен жазылған бұл мақалалар қазақ мұғалімдерінің психология ғылымы саласында тиянақты да толық білім алуына көп көмегін тигізді. Төл тілімізде психологиялық еңбектер жазу арқылы Тәжібаев бұрын әр жерде шашырап, белгілі жүйеге түспей жүрген қазақша психологиялық терминдерді бір қалыпқа түсіріп, олардың ғылыми жүйеге келуіне үлкен көмегін тигізді. Төлегеннің осы мақалалары психология ғылымының қазақ топырағында шешек атып, гүл жаруына, қанаты қатайып, бұғанасының беки түсуіне, сөйтіп іргетасының қалануына ерекше ықпал жасады.

Т. Тәжібаев – қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, педагогика ғылымдарының докторы, професор, Абайдың өлеңдерін психологиялық, физиологиялық, педагогикалық тұрғыда жан-жақты зерттеген ғалым.

Т. Тәжібаев еңбектерінің біразы халқымыздың ғұлама перзенттері Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың психологиялық, педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған. Ол, әсіресе, Абайдың психологиялық көзқарастарын жылдар бойы тынбай зерттеген. «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары» (Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунан-

баева) атты зерттеуі тек әдебиетке ғана емес, психология, педагогика салаларына өз үлесін қосты. Ғалым Абайдың оқу, білімді насихаттауға қосқан үлесін дұрыс бағалаған және жеткізе білді.

Осы орайда Т. Тәжібаев былай деп түсіндіреді: «Связывая просвещение народа с улучшением его материального благосотояния, Абай выступает перед нами как материалист, а не как фантазирующий утопист, отрываюший духовные потребности народа от его материальных нужд». Ол ақынның мына бір өлеңін «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп, ақынның жас кезіндегі білім алуын есейген шақта кеш көргенін, өкінген жағдайын оның жаратылыстану бағытына аса ден қоймауынан деп көрсетеді.

Абай Құнанбаев психолог ғалым болмаса да, оның өлеңдерінен, шығармаларынан адамның нәзік жанын түсінгенін байқаймыз. Ол қазақ арасында психология туралы алғаш рет ой қозғаған ақын. Т. Тәжібаевтың пайымдауынша Абай ән арқылы адам жанын емдеуге болатынын, ән арқылы адамды ойландыруға, жүрегін ашуға, поэзия адамды бақытқа, еркіндікке жетелейтінін жеткізген. Абайдың психологиялық ойларын үшжақты қарастырған:

1) Абайдың пайымдауынша, ән адамның ішінде жатқан сезімдерге еніп, оның негізгі құндылықтарын оятуы керек. Поэзия еркін және бақытты өмірге әкелуі тиіс. Әрбір өлеңде ерекше мән болуы керек.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Осы бір шумағынан-ақ өлең тек ойын-сауыққа ғана арналмау керек, оның өзіндік мәні болуға тиіс дейді. Сонымен қатар, сол өлеңді жете түсінетіндей алғыр, талапты, сөз ұғынар оқушы болу керек дегенді ұқтырады. Адамның өмірінде болатын көптеген жайттар, танымы бар салт-дәстүрлер ән арқылы өткізіледі, келесі ұрпаққа мұра болып қалады. Ән арқылы халықтың даналығы сақталады. Негізгі түйін ретінде осындай тұжырымдамаға келуге болады: поэзия адамның психикасына әсер ететін мықты фактор. Сәйкесінше, ақын бірінші орында адамның психологиясын жақсы білуі керек, ішкі жан-дүниесін терең зерттеу керек, сол кезде ғана ол адамның жүрегіне жете алады.

2) Асылында, халық надандық пен қараңғылықтан, аштықтан, политикалық хаостан құтылу үшін жастардың ағартушылық бағытына көп мән береді. Сондықтан, Тәжібаев Абайдың жастарға орыс тілін білудегі

мақсатқа көбірек ден қойған дегенді айтады. Оны екі жақты қарастыруға болады: 1) қазіргі заманға сай көзқарасты алсақ: Абай дәуірінде орыс тілі маңыздылыққа ие болса, қазіргі өмірде ағылшын және басқа да әлемдік тілдер. Тіл білсең көкжиегің кеңиді, әлем танисың, басқа ділді, мәдениетті сіңіре аласың. Алайда өз ана тіліңді шет қалдыруға болмайды. Негізгі хакімнің айтпақ ойы әлі де актуалды мәселе. 2) сол кездегі тоталитарлық режимнің бағыты орыс тілін жоғары орынға қойды. Т. Тәжібаев та Абайды басқа қырынан таныту үшін көп нәрсені жасырып, біраз айтқан дүниені асыра айтуға тырысқан сияқты. Қалай алса да, екеуі де жастардың жағдайына назар аударған, олардың өсіп-өркендеуіне, білім алуына барынша жанашырлықпен қараған. Екеуі де елдің өркендеуі тікелей білімді, ғылым жолын қуған жастарда деп біледі. Балаларды оқытуға келген мұғалім бірінші орында міндетті түрде бала психолгиясымен таныс болуы керек. Ол үшін орыс тілін білудің маңызы жоғары. Себебі ол заманда дереккөздер тек орыс тілінде болды.

3) Абай өз өлеңдерінде тек ғылымға, білімге ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірдегі тіршілікті психологиямен ұштастыра білді. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, достық, бауырмашылдық, қоғаммен байланыс орнатуда адамның психологиясын меңгеру аса маңызды фактор екенін өлеңдері арқылы жеткізді. Адам қатынасқа түспестен алдын бірінші орында адам психологиясын зерттеп алу маңызды.

Т. Тәжібаев Абайдың табиғатты суреттеуде ұсақ детальдарға дейін мән беретін бақылаушы деп бағалаған. Өзінің өлеңдерінде бақылау әдісін қолданғанын тереңірек түсіндіреді. «Жаз», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», т.б. атты өлеңдерінде әр заттың, жануардың түр-сипатын ерекше суреттеген.

Т. Тәжібаев еңбектерінің біразы Абайдың психологиялық көзқарастарын көп жылдар бойына сарыла зерттеген еді. Бұл жөнінде бірнеше еңбектер жазды. Осылардың ішіндегі қомақтысы – 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты монографиясы. Бұл ғылыми еңбегінде Тәжібаев Абайдың әлеуметтік философиялық көзқарасына жан-жақты талдау жасай келіп, оның психологиялық ойлары мен пайымдауларына тоқталады. Ғалымның тұжырымдауынша, Абай тек асқан ойшыл, кемеңгер ақын ғана емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, халқының психологиялық білімдер жүйесін жасаған ғұлама. Байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағынан сусындай отырып, Абай ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады. Ол қазақтың жазба әдеби тілінің негізін қалаумен ғана шектелмей, сонымен қатар ұлттық философиялық және психологиялық білімдер саласына қатысы

бар ұғым түсініктерді саралап, бұлардың ғылыми жағынан пайымдалуы жолында көп тер төккен ойшыл болғандығын дәлелдеді.

Абайдың психологиялық көзқарастары жайлы кезінде Т. Тәжібаев жасаған түйіндер соңғы кездері жүргізілген зерттеулерде одан сайын тереңдетіле, айқындала түсті. Абай еңбектерінде келтірілген психологиялық ұғымдардың көпшілігі өздерінің ғылыми мәні жағынан қазіргі психология ғылымында қолданылып жүрген атаулардан оншама алшақ кетпейді. Т. Тәжібаевтың Абайдың психологиялық мұралары жөніндегі болжамдары мен пікірлерінің ғылыми тиянақтылығын кезінде кешегі Кеңес Одағының психологтары жоғары бағалаған еді. Мәселен, көрнекті орыс психологы М.В. Соколов: «Қазақтың әдеби тілінің негізін қалаған Абай Құнанбаевты психологиялық жағынан зерттеу басталды, мұны алғаш қолға алушылардың бірі – Т. Тәжібаев болды», - деп жазған-ды.

Т. Тәжібаев – ұлттық мінез бен қазақ халқының психологиясына, мәдени мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Мамандығы бойынша психолог бола тұра Төкен, әсіресе, халқымыздың педагогикалық ой-пікір тарихын зерттеу ісінде де өзін аясы кең, алымы қарымды, білімі мол ғалым екендігін байқатты. Бұған 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград udинституtының ғылыми Кеңесінде қорғаған «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты докторлық диссертациясы дәлел бола алады. Ол осы тақырыптың төңірегінде үш үлкен монография жазып қалдырды.

Ғалымның жарқын бейнесі жайында осындай ой тербете отырып, оның тамаша ұстаздарымен қатар күміс көмей, жез таңдай шешен болғандығын да айта кеткен жөн. Тәжібаев ширек ғасырдай уақыт бойына Алматының жоғары оқу орындарында психология, педагогика пәндерінен дәріс берді деп жоғарыда айттық. Оның лекциялары мазмұны жағынан аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушысына өте әсерлі болатын. Тәжібаевтың ойлау, сөйлеу мәдениеті аса жоғары еді. Ол өз лекциясының сырттай жұп-жұмыр болумен қатар оның жинақы, арқауы берік, ауқымы кең, мейлінше мазмұны терең болуына баса назар аударатын. Онын байсалды, биязы да майда қоңыр даусы тыңдаушыларын тез баурап алып жұртты әр сөзін ұғып алуға ынтықтырып отыратын. Ғалымның осы өзгеше қасиеті жайында оның бала кезінен бергі жан жолдасы, профессор Мәулен Балақаев былай дейді: «Үлкен педагог, әрі дипломат, академик Төлеген Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай майда, сыпайы әрі салмақты болатын. Біреумен сөйлесе кеткенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Алғашқыда әдемі көрінетін кейбіреулермен жақындаса келе,

бұл қасиеттер олардың бойына дарымағандығын, әлгі әдептілігінің жасанды, бірде олай, бірде бұлай болатыны анғарылатын. Төлеген Тәжібаевтын ізеттілігі оның әбден қанына сіңген табиғи қасиеті еді».

Төлеген Тәжібаевтың жетекшілігімен онға жуық адам кандидаттық диссертация корғады, өзі талай диссертанттың ресми оппоненті болды. Республикада 1962-1964 жылдарда өткізілген педагогикалық, психологиялық конференциялардың ойдағыдай өткізілуіне ерекше ат салысты. Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің жанындағы ғылыми-методикалық кеңестің төрағасы болды. Сонымен қатар Т. Тәжібаев көптеген партия-кеңес – әр түрлі қоғамдық қызметтер атқарды. 1947-1951 жж. 1954-1959 жылдары Қазақстан КП ОК-нің мүшесі, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің 2, 3, 4-шақыруларының депутаты болып сайланды. 1941-1957 жылдары Қазақстан Үкіметінің тұрақты құрамында болды. Республикадағы «Білім» және педагогика қоғамдарының төрағасы, көптеген ғылыми-көпшілік журналдардың редколегия мүшесі болды.

Отан, халық алдындағы еңбектері бағаланып, көптеген ордендер, медальдар, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Халқымыздың аса дарынды ұлы Төлеген Тәжібаев туралы онымен көп жылдар бойына қызметтес болған, еліміздің ерекше, біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» (Алматы, «Санат», 1994) атты естелігінде өзінің аса талантты замандасы туралы былайша тебіренген екен: «Төлеген Тәжібаев қазақтың белгілі ғалымы, үлкен қоғам қайраткері еді. Ол кісімен Халық Комиссарлар Кеңесіне қызметке ауысып келген тұста таныстым. Бірден бауыр басып кеттік. Ол кезде Халық ағарту комиссары еді... Тәжібаев қоғамдық, мемлекеттік қызметті зор ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастара білген оқымысты. Психология саласындағы зерттеулері қазақ топырағында осы ілімнің дамуына, оның дұрыс қалыптасуына ізгі ықпалы тиді».

Жаңашыл құндылықтар уақыттың өткеніне қарамастан, тәрбие құндылығының тұрақты екендігінің көрінісі. Яғни біздің адамдар немесе өмірлік көзқарастарымыз өзгергенімен, өміріміздегі тәрбие құндылығы өз тұрақтылығын сақтап қалады. Сол үшін де Абайдың еңбектерін сол бір ғасырдан аса уақыт өтсе де әлі де зерттеп жатырмыз, әлі де қолданып келеміз, өзінің акуталдығын ешқашан жоймайды. Кеңес Одағының тоталитарлы режимі көп нәрсені құрбан етті, көп ғалымдарымыз ашық айта алмады, алайда олардың еңбегі әлі де тереңірек зерттелетініне сенім білдіреміз.

Төлеген Тәжібаев 1964 ж. маусым айында ауыр науқастан дүние салды. Оның ғылыми мұрасы – қазақ елі үшін мәңгілік.

# Психолого-педагогические исследования Т.Т. Тажибаева

**О.Х. АЙМАГАНБЕТОВА,**
**Э.Т. АДИЛОВА**

***Аннотация.*** Данная статья посвящена изучению некоторых аспектов творческого и научного психолого-педагогического наследия профессора Т.Т. Тажибаева. В статье приводятся его критические замечания на концепцию Л. Леви-Брюля о первобытном мышлении, дается анализ идей Л.С. Выготского, в частности, о развитии значения слов в детском возрасте, о переходе эгоцентрической речи дошкольника во внутреннюю речь в школьном возрасте, которые, по мнению Т.Т. Тажибаева являются значительными и заслуживают самого серьезного внимания. Кроме того, в статье отмечается, что казахстанский ученый одним из первых провел достаточно глубокий анализ психолого-педагогических воззрений К.Д. Ушинского.

***Ключевые слова:*** ученый, психологическая наука, научно-исследовательская деятельность, научные статьи и др*.*

**Введение**

23 февраля 2023 года усилиями профессорско-преподавательского состава кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального университет им. аль-Фараби была проведена международная научно-практическая конференция «Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность», посвященная академику, доктору педагогических наук, профессору Толегену Тажибаевичу Тажибаеву, сто тринадцатый юбилей которого, мы отмечаем в этом году. Неудивительно, что конференция, имеющая статус ежегодной, проходит в стенах именно Казахского национального университета, где имя Т.Т. Тажибаева – государственного деятеля, ученого, педагога, внесшего большой вклад в развитие всей системы высшего образования Казахстана, по праву занимает достойное место в истории этого университета. Среди всей плеяды ученых, составивших славу Казахскому национальному университету, ему принадлежит особое место.

С именем Т.Т. Тажибаева связано становление казахстанской психолого-педагогической науки. Он стал первым ученым-казахом, защитившим кандидатскую диссертацию по специальности психология. Он также первым в Казахстане, получил степень доктора педагогических наук. Короткая, но очень яркая жизнь академика Т.Т. Тажибаева была

тем факелом, зажегшим свет в мир психологии многим поколениям казахстанцев. Вся его биография, насыщенная различными событиями, стала настоящим образцом трудного, порой тернистого труда ученого, избравшего стезю педагога-психолога, служению ее Величеству Науке. Она может быть по- настоящему понята и творчески осмыслена именно сейчас, когда казахстанская психология, как когда-то мечтал Т.Т. Тажибаев, превратилась в современную востребованную отрасль научного знания.

С отличием окончив педтехникум и проработав здесь несколько лет в качестве преподавателя, в 1931 году Т.Т. Тажибаев как самый способный и молодой педагог был направлен для продолжения учебы в Академию коммунистического воспитания им. Н.К. Крупской, которая была в тот период настоящей кузницей кадров для новой советской школы и всей системы народного образования страны.

В те годы в Академии начинали свою трудовую и научно-исследовательскую деятельность молодые ученые - психологи Л.С. Выготский, П.П. Блонский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин и др.

Именно здесь в стенах этого высшего учебного заведения молодой Л.С. Выготский презентовал своим студентам теорию культурно – исторического развития, А.Н. Леонтьев проводил эксперименты по проблеме памяти, а А.Р. Лурия – создавал базу для своей будущей лаборатории.

Т.Т. Тажибаев с огромным удовольствием посещал лекции этих выдающихся ученых, знакомился с их научными исследованиями. Он буквально запоем читал научные труды М.Я. Басова, Л.С. Выготского, П.П. Блонского, А.Н. Леонтьева, А.Р. Лурии, С.Л. Рубинштейна и других советских психологов. Вместе с тем, именно здесь он получил возможность ознакомится с оригинальными исследованиями зарубежных психологов, впервые переведенными на русский язык. Особый интерес у него вызвали исследования Л. Леви-Брюля, Ж. Пиаже, уважение и внимание к творчеству которых он пронес через всю свою жизнь.

**Основная часть**

Во время обучения в аспирантуре им были опубликованы достаточно серьезные научные статьи, посвященные критическому анализу психологических концепций Л. Леви-Брюля о первобытном мышлении, Ж. Пиаже и Л.С. Выготского об эгоцентрической речи ребенка, а также ряд статей по проблемам психологических механизмов идеомоторного акта.

Считая концепцию Л. Леви-Брюля ошибочной, Т.Т. Тажибаев подверг критике его основной тезис, что первобытное мышление характеризуется отсутствием в нем логики, и прежде всего закона противоречия, а с психологической точки зрения – отсутствием свойственных цивилизованному человеку признаков.

В целом не принимая концепцию французского ученого о дологическом характере первобытного мышления, Т. Тажибаев, тем не менее, не умаляет ее значения для дальнейшего развития психологической науки. В частности, он отмечает, что основной задачей Л. Леви-Брюля было изучение умственных механизмов первобытных людей, отличных от современных, что само выражение «первобытное мышление» у Леви-Брюля является условным термином, и нельзя понимать его в буквальном смысле этого слова; он употребляет его лишь потому, что оно вошло в привычку употребления, что оно удобно и его трудно заменить другими выражениями.

В контексте реалий современного развития психологической науки, несомненно, большой интерес вызывает статья Т.Т. Тажибаева «Влияние психологических концепций Ж. Пиаже на Л.С. Выготского», вышедшая в 1937 году.

Вслед за А.Н. Леонтьевым, подвергшим критике идеи Л.С. Выготского о фаталистической обусловленности развития психики, Т.Т. Тажибаев отмечает, что когда он (Выготский) говорит о необходимости различать две линии в процессе развития ребенка – линию естественной, биологической, органической эволюции и линию социально-культурного формирования развития, то он делает разрыв между биологическим и социальным.

По его мнению, Л.С. Выготский, говоря о фаталистической обусловленности судьбы детей над наследственностью и неизменной средой, выступает как настоящий идеолог педологии. В свете такого же рассмотрения не составляет исключение и учение Выготского о зоне ближайшего развития, также заранее фаталистически обусловленного наследственностью и неизменной средой.

Анализируя полемику Ж. Пиаже с Л.С. Выготским относительно проблемы эгоцентрической речи, он замечает, что Ж. Пиаже, создав концепцию стадиального развития интеллекта, рассматривает детский эгоцентризм как синкретизм, имеющий биологическую природу в противоположность «социологизированному» мышлению взрослого, но по мере социализации у детей 7-8 лет эгоцентрическое мышление вытесняется логическим мышлением.

И, если французский психолог считал, что детская речь эгоцентрична, потому что ребенок говорит лишь «со своей точки зрения» и не пытается встать на точку зрения собеседника, то согласно концепции советского ученого, эгоцентрическая речь – это «речь про себя», и в ходе развития она не исчезла бесследно, а превращается во внутреннюю речь.

Внимательно изучив эти концепции, Т.Т. Тажибаев считает, что Л.С. Выготский был прав, утверждая, что детская речь не сводится к оторванным от реальности влечениям и фантазиям ребенка.

Однако, он далее замечает, когда схема российского психолога – от социального к индивидуальному – противопоставляется схеме Ж. Пиаже, то она превращается в пустой звук, когда социальное отожествляется с биологическим.

Казахстанский ученый приходит к выводу, что многие идеи Л.С. Выготского, в частности, о развитии значения слов в детском возрасте, о переходе эгоцентрической речи дошкольника во внутреннюю речь в школьном возрасте являются значительными и заслуживают самого серьезного внимания.

В своей кандидатской диссертации, которую Т.Т. Тажибаев успешно защитил в 1939 году, он раскрыл роль и значение научного наследия К.Д. Ушинского как создателя оригинальной психологической системы, четко и ясно показавшей особенности русской психологии.

Впервые в истории российской психологии казахский ученый доказал, что основоположником педагогической психологии в России является именно К.Д. Ушинский. Педагогическая психология Ушинского, - отмечал он, - непосредственно исходит из задач педагогики и основывается на психологии [1].

Этим объясняется актуальность и практическая ценность, а также научная обоснованность тех выводов, которые делает Ушинский из своей педагогической психологии.

Впоследствии это положение, высказанное казахстанским ученым, получило всеобщее признание в советской психологии.

В контексте такого видения роли и значимости К.Д. Ушинского в истории развития русской психологии Т.Т. Тажибаев поставил перед собой решение троякой задачи в исследовании научного наследия этого великого русского ученого. Во-первых, раскрыть сущность его философского мировоззрения, во-вторых, дать общую картину всей системы общепсихологической концепции и наконец, в - третьих - дать оценку его роли как основоположника всей педагогической психологии и его системы развитии этой науки в стране.

Анализируя философские воззрения К.Д. Ушинского, Т.Т. Тажибаев отмечал, что в дуалистические взгляды русского ученого в вопросе о душе и тела никак не воспрепятствовали признанию антропологического принципа, «Педагогической антропологии», предметом которой является человек как объект воспитания, где организм и психика, физическое и душевное неразрывно связаны друг с другом и несводимы одни к другому.

Рассматривая психологию как одну из антропологических наук, в качестве ее предмета К.Д. Ушинский выделяет три группы явлений: процессы телесного организма, душевные явления, общие для человека и животных и явления духовные, свойственные только человеку.

Что касается анализа общепсихологической концепции русского ученого, Т.Т. Тажибаев пришел к выводу, что в оценке его психологической системы и разрешения им вопросов сенсорно-умственного, эмоционального и волевого развития, должное место следует отвести гуманистическим и патриотическим критериям. Устанавливая зависимость сенсорно-умственного развития от эмоционально-волевого развития личности, К.Д. Ушинский, тем самым выдвигал на первый план роль идейно-нравственного содержания обучения и определил решающую роль учителя в воспитании личности и ее умственных способностей. В связи с этим, Т.Т. Тажибаев с особой тщательностью и вниманием систематизировал основополагающие идеи русского психолога о проблемах обучения и воспитания.

В частности, он отмечал, что проблема воспитания тесно связывается К.Д. Ушинским с проблемой обучения. Воспитание и обучение, – отмечал русский ученый, - есть единый процесс формирования личности; они ни в коем случае не должны быть разобщены друг от друга.

Т.Т. Тажибаев в своем диссертационном исследовании раскрывает отношение К.Д. Ушинского к предметной системе обучения, которую он считал основной причиной существеннейшего недостатка общественного обучения, почти совершенного отсутствия в нем умственной и нравственной развивающей силы. Так, К.Д. Ушинский, выступая против предметной системы обучения и многопредметности в начальной школе, в то же время требует разнообразия предметов первоначального обучения, но так, чтобы все или большинство из них преподавалось одним лицом.

Т.Т. Тажибаев, поддерживая выводы русского ученого о необходимости единства учебно-воспитательной работы, о вреде многопредметности, тем не менее, очень критически отнесся к ним. В частности, он отмечает, что нельзя согласиться с тем, что якобы предметная система является основным пороком начальной школы и что необходимо все предметы слить в одно целое. Он считает, что вопрос школьной (или классной по Ушинскому) дисциплины является производным вопросом от общей психолого-педагогической проблемы. Правильное разрешение его обусловлено всей системой учебно-воспитательного процесса в школе, которая должна считаться с природой ребенка, его «естественным» ходом развития [1].

Т.Т. Тажибаев пишет, что, исходя из этого вывода, К.Д. Ушинский поставил вопрос о необходимости подбора учебного материала, соответствующего психологическим особенностям ребенка, пробуждающего у него интерес к учению, прививающей вкус к приобретению знаний. Однако, - подчеркивал он, - стремление сделать учение интересным вовсе не означает, что его надо превращать в игру и забаву. «Шутливая, потешающая педагогика – указывал русский ученый, разрушает характер

человека в самом зародыше. Ученье есть труд и должно остаться трудом, но трудом полным смысла, так, чтобы самый интерес зависел от серьезной мысли, а не от каких-нибудь не идущих к делу прикрас» [1].

По мнению Т.Т. Тажибаева особого внимания в научном наследии К.Д. Ушинского заслуживают его выводы об основных целях школьного обучения. Первая цель, определяемая русским ученым, как формальная, состоит из развития умственных способностей ученика, его наблюдательности, памяти, воображения, фантазии и рассудка. Обладая такой умственной силой, человек будет учиться всю жизнь. «Вторая цель – реальная, столь же важна, как и первая, да еще, если хотите важнее первой. Для достижения этой цели, прежде всего, необходим разумный выбор предметов для наблюдений, представлений и соображений».

Т.Т. Тажибаев далее отмечает, что аналогичную позицию русский ученый занимал и при решении спорного в тот период вопроса о том, что имеет первостепенное значение – накопление знаний или их логическая система. Отмечая глубокий подход русского ученого в решении этого вопроса, он пишет, что К.Д. Ушинский всегда настойчиво подчеркивал вред односторонности, считая, что только сочетание и синтез этих задач даст подлинный педагогический эффект

Казахский ученый, как и он понимал, что научная педагогика, избегая обеих крайностей, дает ученикам, прежде всего материал, а по мере накопления этого материала приводит его в систему. Чем более и разнообразнее накопляется материал, - указывает Т.Т. Тажибаев, - тем выше становится система, и наконец, достигает до отвлеченности логических и философских положений.

Таким образом, исходя из анализа психолого-педагогических воззрений К.Д. Ушинского, Т.Т. Тажибаев пришел к выводу, что этот русский ученый стоял на голову выше современного уровня эмпирической психологии и смог наметить далеко идущие нужные идеи в области педагогической психологии. Отвергая порочный круг функциональной психологии, стремящейся прямо выводить педагогические правила из рассмотрения отдельных, разрозненных психических функций человека, он, по его мнению, сделал удачную попытку вывести эти правила, учитывая закономерности развития своей психической деятельности личности в целом. Человек, - отмечает Т.Т. Тажибаев, - действительно выступает во всем труде Ушинского как предмет воспитания.

**Заключение**

Таким образом, проблемы, поднятые Т.Т. Тажибаевым в статьях, посвященным исследованиям Л. Леви-Брюля, Ж. Пиаже и Л.С. Выготского, К.Д. Ушинского вызвали большой интерес и особую значимость для дальнейшего развития всей советской психологической науки. Они яви-

лись большим стимулом для дальнейшего развития всей психологии, в том числе и казахстанской. Они явились своего рода сильным импульсом к дальнейшему развитию психологической науки суверенного и независимого Казахстана.

Светлое имя академика Т.Т. Тажибаева навсегда увековечено в летописи Казахского национального университета им. аль-Фараби и по праву занимает достойное место в его истории.

Научные традиции, заложенные Т.Т. Тажибаевым, нашли свое продолжение в трудах его последователей. Как уже было отмечено, ежегодно 23 февраля в день рождения этого великого сына казахского народа кафедрой общей и прикладной психологии проводятся международные конференции по актуальным проблемам развития психологической науки в Казахстане [2].

**Литература:**

1 Ахметова М.К. Психологическое наследие академика Т.Т. Тажибаева (1910-1964) и современная казахстанская психология: автореф. дис. ... д-ра психол. наук: 19.00.01 - Общая психология, психология личности, история психологии и этнопсихология. - Алматы, 2010. -39 с.

2 Мынбаева А.К. История личности и личность в истории Казахстана: академик Тулеген Тажибаев // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2017. - № 2(51). - С. 272-275.

# Университеттік орта болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде

**П. АБДУЛЛАЕВА,**
**М. КӨЛЕШОВА**

Көптеген заманауи ғалымдар орта адамның дамуына шешуші ықпал көрсетеді деген пікірді ұстанады, өз кезегінде адамның қызметі барынша жайлылықты қамтамасыз ету мақсатында сол немесе өзге компоненттің өзгерісіне бағытталған. Тұлғаның даму ортасы мен тұқымқуалаушылық факторына ықпал деңгейі туралы көптеген диаметралық қарама-қайшы пікірлер бар, оның үстіне, ғалымдар ешқайсысы адамға ортаның сол не-

месе өзгеше деңгейде ықпал ететіндігін жоққа шығармайды.

Кеңестік педагогикада «орта» термині 20-жылдары пайда болды. Ол кезде «орта педагогикасы» (С.Т. Щацкий), «баланың қоғамдық ортасы» (П.П. Блонский), «қоршаған орта» (А.С. Макаренко) ұғымдары жиі қолданылды.Сыртқы жағдай – қоршаған орта, тұлғааралық қарым-қатынас, іс-әрекеттер, ал ішкі жағдай – баланың эмоционалдық көңіл-күйі, өз-өзіне деген қарым-қатынасы, ұстанымдары мен өмірлік тәжірибесі болып табылады. Осылайша, «даму ортасы» ұғымының толық мағынасы сан түрлі дәрежеде әлеуметтік-мәдени кеңістік шеңберінде түрліше ұйымдастырылған жағдайда тұлға дамуының үрдісі түрінде жүзеге асуына ықпал етумен байланысты болып келді.

Мектеп педагогикасында «дамытушы орта» термині «үлкендердің және балалардың өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені ретінде» түсіндіріледі. Білім беру мекемесінде дамытушы ортаны құрудағы негізгі мақсат- қалыптасып келе жатырған тұлғаға әлеуметтік, рухани жағынан өмір сүруіне аса керек қажеттіліктерді дер кезінде қамтамасыз ету болып табылады. Аталған жағдайлар адамның өмірлік мәнді қажеттіліктерін өтеуге, оның қауіпсіздігін сақтауға, өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған.

Қазақстандық ғалымдар атап өткендей, маманның білікті тұлғасын қалыптастыру мақсатында өзгерісті әлемнің кейпін сезетін, кез келген күтпеген жағдайларға қарсы тұруға дайын және оған тырысу мен күту мүмкіндігін, қызығушылығын есепке ала отырып, позитивті инновациялық қызметпен жауап беруге дайын маманның қалыптасуының көптеген вариативті, тұлғалық-кәсіби бағдарларын ұсынатын ЖОО жаңа білім беру ортасын құру қажет [1, б. 25].

Бүгінгі таңда психологиялық-педагогикалық ғылымда білім беру ортасын түсінудің үш тәсілі бар.

В.И. Панов білім беру ортасының негізгі моделдерін бір жүйеге келтірді. Ол білім беру ортасының моделін әзірлеуге экопсихологиялық көзқарас ұсынды. Адамның оқыту барысындағы психикалық дамуын «адам - қоршаған орта» жүйесінің мән мәтінінде қарастыру қажет деген түсінік моделдің негізін қалаушы болып табылады. Автор беру ортасы деп әрбір дараға тән табиғи қабілеттері және жастық әлеуметтену талаптарына сәйкес оқушылардың әлі де көрінбей жатқан қызығушылықтары мен қабілеттері, сондай-ақ, қазірдің өзінде көрінген қызығушылықтары мен қабілеттерін ашу үшін мүмкіндік туғызатын педагогикалық және психологиялық шарттар мен әсерлердің жүйесін түсінеді [2].

В.В. Рубцов коммуникативті-бағдарланған деп аталатын білім беру ортасының басқа моделін ұсынды. Зерттеуші білім беру ортасын педагогтар мен оқушылардың арасында, сондай-ақ оқушылардың өз ара-

сындағы қауымдастықтың ерекше түрлерін құрайтын коммуникативтік өзара іс-қимыл немесе ынтымақтастықтың нысаны ретінде қарайды. Баланың дамуының қажетті шарты болып оның ересектермен немесе басқа білім беру процесіне қатысушылармен бірлескен қызметке қатысуы табылады, бұл білім беру ортасына осындай тәсіл қолданудың бастапқы негізі болып табылады [3].

В.А. Ясвин білім беру ортасының экологиялық-тұлғалық моделін ұсынды. Оның айтуынша, «білім беру ортасы» – бұл берілген үлгі бойынша тұлғаны қалыптастыру ықпалдары мен жағдайлары жүйесі, сондай-ақ әлеуметтік және кеңістіктік-заттық айналасында болатын оның дамуы үшін мүмкіндіктері. Оның пікірінше, білім беру ортасы дамыту әсеріне ие болуы үшін, ол білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің (оқушы мен педагог) өзін-өзі дамытуы үшін мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз етуі тиіс. В.А. Ясвиннің пікірі бойынша, бұл кешен үш құрылымдық компонентін қамтиды:

• кеңістік-пәндік – сабақ және қосалқы қызмет үшін үй-жайлар, ғимарат, жалпы алғанда, іргелес аумағы және т.б.;

• әлеуметтік – білім беру қызметінің барлық субъектілерінің (оқушы, педагог, ата-аналар, әкімшілер және т.б.) қарым-қатынас сипаты;

• психодидактикалық – білім беру процесін құру психологиялық мақсаттарына негізделген оқытудың мазмұны мен әдістері [4].

«Орта» және «білім беру ортасы» ұғымдарды қарастырған кезде Т.В. Цыганкова, С.А. Кокшаров, М.Н. Лебедева сияқты авторлар білім беру ортасын тар және кең аспектілерде нақтылайды. Авторлық ұжымның пікірінше, білім беру ортасы сыртқы кеңістіктің бір бөлігі бола отырып, ақпараттық ресурстармен толтырылған, оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған (тар аспектіде) білім беру технологиялары, үлгілері, стандарттарды қамтиды және адамға оны қоршаған әлемде қарама-қайшы тұрады, білім және құндылық қатынас, практикалық дағдылары мен икемдері жүйесі ретінде жұмыс істейді және білім беру мекемесінде адамның тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамуының нәтижесі бола отырып, оқыту процесінде қалыптасады. Қойылған мақсатқа жетуге және оларды саналы таңдау бостандығына кепілдік беретін білім беру үрдісіне қатысушылардың қойылған мақсатқа арнайы құрастырылған әдіснамалық, дидактикалық, психологиялық, интеллектуалды, ақпараттық және практикалық іс-әрекеттері, операциялары, тәсілдері, қадамдарының жиынтығы [5].

Осыдан көретініміз, білім беру ортасы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқушыға оның тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамытуы мақсатында педагогикалық әсер ету құралы болып табылады.

В.И. Слободчиков білім беру ортасының антропологиялық-психологиялық моделін ұсынды. Айта кететіні, базалық ұғымдар ретінде Сло-

бодчиковтың, Рубцовтың да білім беру үрдісінің субъектілерінің бірлескен қызметі айтылады. Автор білім беру ортасының салыстырмалылығы және жанамалығын, оның бастапқыдан белгіленбегендігін атап өткен.

Қаныктық (ресурстық әлеуеті) және біріктіру (оны ұйымдастыру тәсілі) білім беру ортасының негізгі параметрлері ретінде қарастыруды ұсынады. Ол білім беру ортасын ұйымдастырудың үш қағидатын ұсынды: біркелкілік, алуан түрлілік мен баламалылық.

В.И. Слободчиковтың пайымдауынша, білім беру ортасы ықпалдар мен жағдайлар жиынтығы ретінде емес, білім беру кеңістігінің әсер етуінің, білім беруді басқару, білім беру орындары және оқушының өзінің жүйелік өнімі болып табылатын динамикалық білімді білдіреді [6, б. 10].

Т.В. Менг білім беру ортасын «түрлі коммуникативтік механизмдермен біртұтас байланысты және тұлғаның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын игеру, тұтыну және тарату процестерінде көкейтестіге айналатын құндылық бағдарын, қарым-қатынастар мен мінез-құлық тәсілдеріне жағдаяттық әсер ететін көп өлшемді әлеуметтік-педагогикалық құбылыс» ретінде карауды ұсынады [7]. Педагогикалық ұжымның міндеті оларға дұрыс құндылық бағдарларын беру, студенттің мінез-құлқындағы кез келген өзгерістерге сақтықпен қарау, ынталандыру және мәжбүрлеу шараларын сауатты қолдану болып табылады.

В.Т. Лисовскийдің анықтамасы бойынша, әлеуметтік орта дегеніміз тұлға өмір сүретін және оның санасы мен мінез құлқына қандай да бір әсер келтіретін, жеке тұлғасы бар қоғамдық шарттардың, факторлардың, қарым-қатынастардың және т.б. қосындысы [8].

Ю.С. Мануйловтың пікірі бойынша, мысалы, орта тәсілдемесі қоршаған ортадағы адам өміріне әсер ететін шарттарға байланысты жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы кезімен байланысты [9].

А.А. Вербицкийдің ойы бойынша, «оқу ортасы» бір-бірімен байланысқан элементттердің қосындысын көрсетеді: оқу мақсаты – оқу мен тәрбие нәтижесі; оқу және тәрбие құралдарымен, оқыту және тәрбиелеу әдістерімен, ұйымдастыру формаларымен, оқу мазмұнымен қамтамасыз етілетін субъект-субъекттік қарым-қатынастар (ұстаздың қызметі – оқушының қызметі). Бұл, өз кезегінде, оқу бағдарламасын сапалы түрде меңгеруге көмек беретін оқу ортасын құрайды. «Құрылымдағы қандай да бір нәрсенің өзгеруі жүйелік өзгеріске әкеліп соғады» [10].

Автор белгілеп кеткен оқу ортасындағы субъект-субъекттік қарым-қатынастарды орнату қажеттігі біліктіліктік тәсіл қағидаларына сәйкес келетінін атап өту қажет. Ол жоғарғы оқу орындық оқу ортасын белгілі бір жеке тұлғаның қалыптасуын және оның кәсіби білім мен біліктілігін игеруді анықтауда маңызды рөл айқарады. Сонымен қатар, оқу ортасы көп жағдайда болашақ маманның жеке тұлғасына үлкен әсерді анықтайды.

Автор оқу ортасының келесі қызметтерін анықтайды:

- дүниетанымдық көзқарастар, идеалдарды таңдаудың таңдау еркіндігін ұсынады;
- студенттің ішкі мүмкіндіктерін дамытады және кәсіби тұлғаның дамуына септігін тигізеді;
- әлеуметтік шарттарға, қоғамның орнатымдарына бейімделген, динамикалығын қамтамасыз етеді.

Л.В. Мардахаев жоғары оқу орнының оқу ортасына «өз социомәдениет ортасымен, профессор-ұстаз құрамымен, кәсіби дайындық ерекшелігімен және оқу топтарының құрамымен, оқытудың педагогикалық технологияларымен ерекшеленетін, адамды, топты оқытуда арнайы ұйымдастырылған аумақ» мәтінінде анықтама береді [11].

И.А. Ильин өз зерттеуінде адамның ішкі дүниесін және дүниетанымдық мәдениетін нығайту үшін ,өзінің рухани әлемін пайда болдыру өнері болуы керек екенін айтқан. «Әлемдік мағынадағы жоғарғы құндылықтарды өз өміріндегі құндылықтармен байланыстыра білудің өзі жеке тұлға болып қалыптасу және дамудағы ең жоғарғы көрсеткіш» [12].

Педагогикалық процесстің субъекттік-бағдарлық түрдегі оқу ортасын қарастыра отырып, С.М. Головлева, В.В. Юдин келесі компоненттерден тұратын оқу ортасының құрылымын ұсынады:

*Материалдық:* мекемелер, жабдықтар, мазмұн тасушылар, инфрақұрылым.

*Қоғамдық:* қарым-қатынас стилі, әлеуметтік тапсырыс, басқару жүйесі, сыртқы ортамен қатынас.

*Рухани:* құндылықтар, дәстүрлер [13].

Е.Ю. Васильеваның ойы бойынша, оқу ортасы белгілі бір қасиеттерге ие: жоғарғы оқу орнының оқу ортасы компоненттердің толық жиынтығын ұсынады. Жоғары оқу орнының оқу ортасының педагогикалық мүмкіншіліктерін қарастыра отырып, Е.Ю. Васильева оның төмендегі жеке қасиеттерін анықтайды:

- жоғары оқу орнының оқу ортасының сапасын жақсарту мақсатын шығару және дәлелдеу қабілеттілігі;
- оқу ортасы және оның субъектілерінің сапа деңгейін дұрыс анықтау қабілеттілігі;
- оқу қызметкерлері, студенттер және оқытушылардың жеке дамуын қадағалау үшін өте жақсы деңгейдегі шарттарды қамтамасыз ету қабілеттілігі;
- оқу ортасының субъектілерінің тырысуларын біріктіруге, олардың байланысын тиімдірек етуге қабілетттілігі;
- жоғарғы оқу орныны сапасының бағалау нәтижесі аясында ғылыми талдау жүргізе алуға қабілеттілігі;
- өлшенетін сипаттамаларды өзгерту және басқару бағдарламасын қалыптастыру және т.б. қабілеттілігі. Автордың пайымдауынша, оқу

ортасының бұл көрсетілген қасиеттерінің болуы оқуға деген көзқарастар консервациясынан ашуға мүмкіндік береді [14].

В.А. Ясвин адамның осы қоғамда қалыптасқан кейбір азды-көпті белгіленген идеал, үлгі немесе ең болмағанда, номиналды нормативтер ретінде қалыптасу шарттары мен әсер ету, сондай-ақ әлеуметтік және кеңістіктік-заттық қоршаған ортада болатын оның дамуы үшін мүмкіндіктер жүйесін қоршаған орта деп біледі.

Зерттелетін мәселенің аспектісінде біз оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастырудың арнайы құрылған жағдайларының жиынтығы ретінде университеттің білім беру ортасын қабылдаймыз, өйткені бұл педагогикалық жүйе кеңістіктік-архитектуралық, дидактикалық және әлеуметтік-ұйымдастыру компоненттерін қамтиды. Университеттің білім беру ортасының құрылымы болашақ педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруда құзыреттілік тәсілін іске асыру факторы болып табылатынын растайды.

Осылайша, осы тармақтың мазмұны диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру факторы ретінде университеттің білім беру ортасының мәнін ашуға мүмкіндік берді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де құрылған білім беру ортасының жоғарыда аталған факторлары мен шарттары болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін жетілдіруге тиімді ықпал етеді деп есептейміз.

Біздің ойымызша университеттік білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруын үлгілеу университеттік ортада жүруі тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мырхалыков Ж.У., Бондаренко В.П., Козыбаев Е.Ш., Масатбаева С.М. Теоретические предпосылки формирования национальной системы квалификаций в Республике Казахстан на основе компетентностного подхода / Труды Межд. науч. конф. «Наука и образование в Центральном Казахстане». – Караганда, 2013. – С. 402-406.

2. Панов В.И. Экопсихология. Парадигмальный поиск Издательство: Нестор-История, 2017 . – 550 с.

3. Рубцов В.В. Коммуникативно-ориентированные образовательные среды. Психология проектирования Новосибирск: Новь, 1996. – 120 с.

4. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. М.: ЦКФЛ РАО, 1997. – 248 с.

5. Цыганкова Т.В., Кокшаров С.А., Лебедева М.Н. Некоторые аспекты единой виртуальной телекоммуникативной образовательной среды и модульной технологии адаптивного обучения курсантов вуза иностранному языку / Т.В. Цыганкова, С.А. Кокшаров, М.Н. Лебедева // Мир науки, культуры, образования. – 2011. – № 5(30). – С.14-17

6. Слободчиков В.И. О понятии образовательной среды в концепции развивающего образования // 2-я Российская конференция по экологической психологии: материалы. – Самара, 2001. – С.172-176.

7. Менг Т.В. Педагогические условия построения образовательной среды вуза: автореф. дис. … д-ра пед. наук. – С.-Пб., 1999. – 23 с.

8. Лисовский В.Т. Воспитание студентов вузов Российской Федерации (материалы концепции) // Стратегия воспитания в образовательной системе России / Под ред. проф. И. А. Зимней. Изд. 2-е, доп. и перераб. – М.: Агентство «Издательский сервис», 2005. – С.168-182.

9. Мануйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании. 2-е изд., перераб. – М.; Н. Новгород: Изд-во Волго-Вятской академии государственной службы, 2002. – 157с.,

10. Вербицкий А.А. Контекстное обучение в компетентностном подходе. // Высшее образование в России. – 2006. – №11. – С. 39-46.

11. Мардахаев Л.В. Педагогическая среда вуза // Методика преподавания в вузе. – М.: Из-во РГСУ, 2006. – 203с.

12. Ильин И. А. Путь духовного обновления. Соб. соч.: в 10 т. Т.1. – М: Русская книга, 1993. – 400 с.

13. Головлева С.М., Юдин В.В. Структура и компонентный состав образовательной среды // Педагогическое наследие К.Д. Ушинского: материалы научно-практической конференции «Чтения Ушинского» (4-5 марта 2014 г.) - Ч. 1. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2014. – 438 с.

14. Васильева Е.Ю. Системный мониторинг качества образовательной среды вуза/ Журнал. Университетское управление: практика и анализ. – 2008. – №3(55). – С.12.

# Жасөспірім арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу шаралары мен жолдары

**Н. ЖАДРАЕВА**

Жасөспірімдік кезең – алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналардың көпшілігін алаңдататын, уайымға түсіретін күрделі шақ. Себебі мектепте де, отбасында да балалардың агрессиясы үнемі байқалады: дау-дамайдың көптігі, олардың көңіл-күйінің тұрақсыздығы, қоғамға ашықтан-ашық наразылық білдіру, ата-ананың қамқорлығын қабылдамауы немесе ұялшақтық. Жеткіншектің мінез-құлқындағы мұндай өзге-

рістердің себебін түсіну үшін, оның психологиялық астарын білу керек. Әсіресе, ата-аналар өздерінің балалары жеткіншек жасқа (12-15 жас) жеткен уақытта күрделі, тіпті кейбір жағдайда неше түрлі қайшылықтарға кездесетінін түсінулері қажет. [1]

Себебі осы шақта жеткіншектер өздерін отбасының, сыныптың, қоғамның тең құқылы мүшесі, яғни тұлға ретінде сезіне бастайды. Бұл – жасөспірімдердің осы шақтағы аса маңызды психологиялық ерекшеліктері. Олар өздерін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде сезінумен бірге, болашақтағы ересек өмірге жоспар құра бастайды. Олардың бұл жоспары тәжірибесінің аздығынан көмескі болып келеді, әлі ақыл тоқтатпаған шалалық пен балалықты аңғартады. [1]

Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқаруы керек. Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалуы қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс. [2]

Сіз ол адамның жан жарасын білдіретін сөздерін, мейлі ол уайым, қайғы, кінә, қорқыныш немесе ашу-ыза болсын, тыңдай білсеңіз, оған баға жетпес көмек бергеніңіз. Тіпті кейде жай ғана үндемей онымен бірге отырсаңыз да, бұл сіздің оған деген қамқорлық қатынасыңыздың, оның тағдырына немқұрайлы қарамайтыныңыздың дәлелі бола алады. Оларда әлеуметтік қызметкерлер бұл тақырыпты балаға бес жастан бастап түсіндіре бастайды, осал топтарды дер кезінде анықтап, психологтың кеңесіне жібереді. Аутодеструктивті мінез құлыққа бейім балалар мен жасөспірімдерді анықтау жұмысы екі елде бірдей жүреді. Әдетте жұрт аутодеструктивті мінез құлық ойларын жасыруға тырысады. Егер бала кезден оларды не болып жатқанын ұғынуға үйрете білсек, онымызбен балаларды қорғап қаламыз. Өмір құндылығы туралы бірінші сыныптан айта бастау лəзім. Балалар өзінің психоэмоциялық көңіл-күйін ырқына көндіре білуі тиіс, - дейді Фатима Багиярова. [2]

Аутодеструктивтік мінез-құлықтың іс-әрекетке итермелеудің тікелей себебі – дау-дамайдың пайда болуы. Бұл дегеніміз – белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдай. Аутодеструктивтік мінез-құлықтың қаупі туатын жеткіншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністерінің тереңдеуі басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Сондықтан кез-келген шағын түсінбеушілік дау-дамайдың өзі аутодеструктивтік мінез-құлықтың алдын алу әрекеттерінің алғы шарты болуы мүмкін. Осындай жағымсыз түсінбеушілік әрекеттердің алдын алу үшін ең бірінші бағыт тек дұрыс тәрбие беру болып табылады. [2]

Баланың бойындағы ең басты, ең маңыздылар балалық шақта қалады, сондықтан да адамның алдағы өмірі мен тағдыры көбінесе осыған байланысты болады. Одан кейінгі уақытта, мектеп қабырғасында болатын, шартты түрде алдын алу, түзету деп аталады, себебі жұмыс бала санасының деңгейінде ғана емес, түйсік бағдарламаларымен жүргізілуімен де маңызды. Мектебімізде оқу жылының басында бекітілген жоспар бойынша жасалынған жұмыстар барысында оқушылармен сынып ұжымын қалыптастыруға, оқушыларды әлеуметтік маңызы бар қызымет түрлеріне баулуға, өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыруға, әлеуметтік тұрғыда мәдениет, спорт, өнер, ғылым және т.б. әрекеттерге тарту бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып отырылады. Осы тақырыпта әңгімелесулер, сұхбаттасулар, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстар көбірек жүргізіліп тұрады. [2]

Балалардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог, психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады, олар жасөспірімдерді аутодеструктивті әрекетке жеткізетін көңіл-күймен күресуде ата-аналармен жұмыс атқарады және оларға көмек береді. Ата--аналарды өз баласына сауатты көмек көрсетуі үшін, оны түсінуі мен қолдау көрсетуінде қажет жеткілікті біліммен қаруландыру керек. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті неғұрлым мол болған сайын, олар өз балаларына жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды соғұрлым көп меңгертеді. Тұлға қауіпсіздігі – қазақстандық қоғамда басты құндылықтардың бірі болуы тиіс. [2]

Ендеше отбасы құндылықтарынан бастау алатын тәрбие діңгегінің негізі –тұлға қауіпсіздігі деп айтуға болады. Олай болса ата-аналар балалардың жабығуының алдын алуда үлкен рөл атқарады. Егер жасөспірімнің көңіл-күйі күрт құлазыса немесе жабығудың басқа да белгілері байқалса, төмендегі шараларды орындау қажет:

Баламен сөйлесу қажет, көңіл-күйінің неліктен түсіңкі болу себебін анықтау үшін сұрақтар қойып, оның арман-тілектері жайында сөз қозғап, болашаққа жоспар құруға бағыттайтын әңгімелерге жетелеу қажет. Балаға оптимистік серпін беріп, жарқын болашаққа «сендіру», алдына қойған мақсаттарына қол жеткізе алатынына қабілетті екенін, жүрегіне сенімділік отын қондыруға барынша әрекет жасау қажет. Оның «өкпелегіштігін», «күңкілдектігін» кінәламай, керісінше, оның тұлғасындағы жақсы жақтарын көрсетуге тырысу керек. Оны табысты, аққөңіл, кішіпейіл және сергек балалармен салыстыруға болмайды, себебі бұл онсыз да төмен бағалауын тереңдетіп жібереді. Атасы мен әжесіне, туыс-туғандарға қонаққа, ауылға бару, дала жұмыстырына көмектесу. Сонымен қатар, ит, мысық, алақоржын, тотықұс, балық сияқты жануарларды қолға үйрету, оларға қамқорлық жасау. Қорғансыз үй жануарына қамқорлық жасау баланы іске жұмылдыртып, позитивті күйге шақырады. Жеткіншек күн тәртібін сақтауы қажет. Оның жақсы, мезгілімен демалуын, дұрыс

тамақтануын, таза ауада жеткілікті уақыт өткізуін, спорттың қандай да бір түрімен айналысуын қадағалау қажет. Балаға дұрыс ұстаным беру, оның өз-өзіне сенімді болуына көз жеткізу және алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге қабілетті екендігіне сендірген абзал. Ата-ана баланы үнемі «қабағын ашпай, нашар мінез көрсеткендігі» немесе шектен тыс жиіркеншектігі үшін сөкпей, оның жақсы жақтарын көбірек атап, жеке басы мүмкіндіктерінің бар екендігіне сендіре алғаны дұрыс. [2]

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқушылық көріністері олардың адамгершілік және әлеуметтік дамуы жағынан дара ерекшеліктер мен тұлғалық көріністеріне, нақты жағдаяттар мен өмір жағдайларына және іс-әрекеттеріне қарай болады. [3]

Жасөспірімдердің тұлғалық және әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруды, жағымсыз мінез-құлық көріністерін түзетуді олардың жағымды «Мен» бейнесін дамытудан, өзін-өзі құрметтеу сезімін, сындарлы ойлау қабілетін, әлеуметтік маңызды мақсаттарды қоя білуін және жауапты шешімдер қабылдай алуды дамытудан бастаған жөн. [3]

Жасөспірім салауатты таңдай жасай алуы үшін, оған эмоциясын игере алуды, стрессті, үрейленуді, зиянды әдеттерге қарсы тұруды, қақтығысты жеңе алуды үйрету қажет.

Әр адамның тағдыры – өз қолында. Сол себепті кез келген жеке тұлға «мен отбасыма, бала-шағама, қоғамға және өзіме-өзім керекпін» деген үлкен мақсатпен өмір сүріп, келеңсіз ойлар мен әрекеттерден аулақ болғаны дұрыс. [3]

Қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады. Әрбір адам өмірді табиғаттың өзіне берген тамаша сыйы деп қарап, оны мейлінше толық әрі тиімді пайдалануы, мүмкіндігінше саналы да жемісті еңбекпен өткізгені абзал.

Халқымызда мақал-мәтелдер көп, солардың біреуінде «Жамандықтың беті әрмен» десе, енді бірінде «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Сондықтан әрқашанда жанымызға шуақ шашып, өмірде бір-бірімізге тек қана жақсылық ойлап, жақсы тілек тілеп, жақсылығымызға қуанып жүрейік. [2]

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К.Ғ. Елшібаева. Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу. 2012;

2. Педагогикалық қызметкерлердің республикалық вебинар материалдары. «Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу және білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді әдістері мен тәсілдері» 2016;

3. Мектептегі психология, 2006.

# Бала психикасының қалыптасуына отбасының әсері

С. КАМИЛОВ

Отбасы – шағын мемлекет, ол барша адамды жүрегіне сыйдырып, өмірге дағдыландырған бір әлем. Туған үйдегі жылылық пен ынтымақ мәңгі жүрегімізде қалу үшін, оны сөндіріп алмай, өрлете түсуіміз керек. Отанды, айналасын сүюге үйреткен жақындарын еске түсіргенде, жүректері елжіреп, махаббат пен мейірімге бөленеді. Ата-ана өз балалары үшін рухани адамгершіліктің, сыпайылық пен ынтымақтастықтың, қайырымдылық пен қамқорлықтың мызғымас үлгісі. Осындай рухани құндылықтарды, ата-бабаларымыз өз баласының, немересінің бойына сәби кезінен сіңіре береді. Бесік жыры, ертегілер, әңгімелер, жыр-толғаулар, халық әндері, халық ойындары, ырым-тыйым, салт-дәстүр арқылы этнопедагогиканың арқасында ұлтымыз өз болмысын жақсы сақтап келген. Адам – ең әуелі рухани адамгершілігімен, парасатының биіктілігімен, әдебімен көрікті. Мұндай баға жетпес асыл қасиеттер мен рухани құндылықтардың, адам баласының ең ажарлы сипатына үлгі болатын ол – отбасы!

Жанұядағы жақсы қарым-қатынас өздігінен орнамайтындықтан, бір шаңырақтың астында тұратын адамдардың барлығы өзара төзімді, бірін-бірі ұғатын болу керек.

Жасөспірім кезеңде біздің адамгершілікті іс таңдауымыз, біздің мінезімізге ықпал етеді. Осыған орай, өмірдегі жетістіктерімізді адамгершілікке негіздеп, оны өмірдің басты нысанасына айналдыруымыз керек.

Ақиқат пен рухани адамгершілік – өмірмен өзекті, өмір туралы айқын түсінік, кісілікті бағалайтын өлшем. Осы екі өлшем әзірше тәрбиелік жұмыстың қос тірегі мен мұратына айналып отыр. Әр отбасында өзіндік құрылымы, балалардың психологиялық дамуын көрсететін заңдары мен механизмдері, тәлім-тәрбиелік әдіс-тәсілдері және өзара әрекет ету жүйесі қалыптасады. Отбасы – бала өміріндегі тарихи қалыптасқан, оның әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыратын, рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін негізгі фактор. Себебі – бала шыр етіп өмірге келген күннен бастап, кездестіретін ортасы – оның отбасы. Ендеше, бала – ұлт өкілі ретіндегі барлық ұлттық психологиялық ерекшеліктерді, рухани адамгершілік құндылықтарды отбасындағы әлеуметтену үрдісінде бойына қалыптастырады.

Қазіргі заман талабы да баланың жеке басының ерекшелігін дамытып, өзіндік «менін» қалыптастыру, дарынды балаларды шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу. Халқымыз ежелден-ақ өз перзенттерін адамгершілік құндылық рухта тәрбиелеген.

Әр халық, әр отбасы – өз ұлтының, өз тарихының, өз әдет-ғұрпының негізінде тәрбиелеген кезде ғана елім деген, жерім деген, ұлтын сүйетін, бойы рухани-адамгершілік құндылықтарға толы ұрпақ қалыптасады. Қазір қазақ мектептерінің, қазақ сыныптарының арқалаған жүгі өте ауыр. Көп жылдан бері орыстанған сананы қазақи қалыпқа түсіру, Қазақстан егемендігін алып, жеке ел болса да әлі де білім негізі орыс мектептерінде деп түсінетін ата-ананы қоса тәрбиелеп, оларға біздің балаларымыздың басқа ұлт өкілдерінен кем білім алып жатпағанын, қайта қазақ мектептерінің оқушылары өзге ұлт өкілдерінен үш, тіпті, төрт тілді бірдей меңгеретіндігімен ерекшеленетіндігін ата-аналарға түсіндіруіміз қажет. Бала өз отбасында ата-анасының ана тілінде сөйлегенін естіп өсуі қажет деп ойлаймын.

Тәрбие жұмысы оқушыны мектепке қабылдап алған күннен-ақ басталатынын кез келген ұстаз біледі. Бала бойына рухани-адамгершілік тәрбиені сіңіру әр сабақта мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынаста жүзеге асып жатады. Баланың мектеппен танысуы, сынып ішіндегі жүріс-тұрысы, балалармен қарым-қатынасы, оның сабаққа ынтасы, орындауы бәрі баланың рухани-адамгершілік қасиетінің қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар американдық мәдениеттанушылар инкультурация (баланың өз халқының мәдениетіне кіруін) үрдісін екі топқа бөлген.

**1. Балалық шақ** – бұл деңгейде рухани адамгершілік құндылықтарын, мәдениеттерін, нормалары мен тілді меңгеру өтеді. Бұл деңгейде балаға тікелей әсер ететін фактор – отбасы.

**2. Есейген шақ** – баланың кәмелет жасқа толып, рухани-адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке саналы түрде ену деңгейі. Бұл деңгейде бала жалпы рухани-адамгершілік құндылықтардың мән-мағынасын түсініп, өзінің оған деген көзқарасын қалыптастырып, оны қабылдау, қабылдамау пікірін білдіре алады. Мұндағы негізгі көрсеткіш – отбасынан алған тәрбиелік білім деңгейі.

Осы айтылған мәселелердің теориялық айғағы ретінде «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сияқты философилық мәні бар мақалдарды алуға болады.

Отбасылық өмір мәнері жеке адамның қалыптасуына үлкен із қалдырады. Кикілжіңсіз отбасы жоқ. Солардың кейбір түрлерін қарастырайық. Мәселен: «Мен» жақсы білемін атты кикілжің ақпараттық байланыстарға байланысты туындайды. Бір сұрақ төңірегінде ата-анада да, балада да мәлімет болады. Бала өз білгеніне қарай жасағысы келеді. Ата-анасы оған келіспей, «мен жақсы білемін» дегеннен артық ештеңе айтпайды. Егер, әрқашанда үлкендердің айтқаны дұрыс бола берсе, онда бала ешқашан ештеңе білмейтініне көнеді де, одан ары қарай енжар, ынжық болып, топта ылғи бағынушы қалыпта болады. Сондықтан ата-ана мұндай да бедел бағытын үстем етпей, өз көзқарасын «Сенің орнында бол-

сам, мен былай істер едім» деген ұстанымда көрсетуі қажет.

Отбасылар әр түрлі болады, әр түрлі балалар кездеседі. Әлеуметтанушылар (социологтар) отбасын әр түрлі типтерге бөледі: үйлесімді, бүлінген, ыдыраған, толық емес отбасы деп. Отбасы толық болуы мүмкін, бірақ тәрбиесі теріс болуы мүмкін. Кейде келіспеушілік, ұрыс-керіс күнде болып тұратын толық отбасылар да кездеседі. Отбасындағы сәтсіздік белгілі деңгейде бала психикасының дұрыс дамуына әкелмейді. Тәрбиенің отбасында қандай қателіктері көп кездеседі? Қарастырып көрсек:

**1. «Қатігездік үрдісінде» тәрбиелеу**

Мұнда баланы жақсы көрмейді, яғни, балаға үнемі жақсы көрмейтіндігін көрсетіп отырады. Бала бұл ащы шындыққа әр түрлі жауап береді. Тұйықталады, өз мәселелерінің ертегідей шешілуі мен армандар мен қиял әлеміне кетеді. Ата-анасына ұнау үшін жағымпазданады, өзіне көңіл аудартуға тырысады. Содан бала бірте-бірте мейірімсіз бола бастайды.

**2. «Асыра қолдап, қамқорлық жасау» тәрбиесі**

Бұл жабық және ашық болады. Асыра қамқорлық жасау кезінде баланы жақсы жағдайда ұстайды. Ешқашан өз бетінше жүруге мүмкіндік бермейді. Мұндай балаларда ерке, инфантильді, талғампаз, өмір соқпақтарына төзімсіз балалар өсіп шығады. Қандай да бір қиындық алдында төтеп бере алмай, сағы сынып кететін жандар осындай балалардан өсіп шығады.

**3. «Қарама-қайшылықты» тәрбие,**

Бұл тәрбие түрі өте кең таралған. Мысалы: ата-әжесі бірдеңе айтса, ата-анасы өз жағына тартады. Сонымен қоса, баладан мінез-құлықтың ерекше формасын талап етеді. Осындай тәрбие қайшылығы мен келіспеушіліктердің әсерінен баланы көбінесе неврозға және басқа психикалық бұзылуларға алып келеді. Кейбір жасөспірімдер ересектердің қырағы қабақтарынан үйден қашып кетеді, кейбіреулері ата-анасынан, олардың орынсыз кінә тағуынан мезі болады.

**4. «Тыйым салу мен жазалау» тәрбиесі**

Балалар осындай теріс тәрбиенің әсерінен мейірімсіздене түседі. Қатал, өзін төмендеткені үшін өш алуға бейім болады. Сонымен осы жағдайлардың бәрінде бір нәрсе айқын. Ата-аналар мен балалардың арасындағы тығыз байланыс жойылғандықтан болуы мүмкін. Тек қана тыңдауға, баланың өзіндік сана-сезімін дамытпайтын, өз сезімдерін басқаруға, дұрыс шешімдер шығаруға тыйымдар салатын бедел стилі болғандықтан.

Бала кезеңіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні – баланы іс-әрекет жасауға, ойлауға, үлкендер берген тапсырмалар мен міндеттерді талап деңгейіне біртіндеп оқытып-үйрету. Сонымен қатар айналасындағылармен қарым-қатынас өлшемдері бойынша араласуға, рухани-а-

дамгершілік құндылықтарға баулуға үйрету болып табылады.

Еңбекқор, үлгілі де, өнегелі ата-ана, отбасынан ғана бойы рухани-адамгершілік құндылықтарға толы ұлтымыздың болашақ иесі, яғни, жастары тәрбиеленіп шығады. Үлгілі отбасы ғана адагершілік құндылықтардың үлгісі.

Ғ. Мүсірепов айтқандай, «Таза» адам деген өз үсті-басының тазалығымен бірге, ар-ұятының тазалығын да көрсетіп тұрады.

Әл-Фараби бабамыз да: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтындығы сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды», - деген емес пе.

Адам баласының алдындағы басты мақсат – өзін-өзі түсініп, өмірде басшылыққа алатын адамгершілік қағидаларын анықтау. Рухани-адамгершілік құнды қасиеттердің барлығының көз айнасы – отбасы.

Барлық отбасы бала тәрбиесінде шалыс баспаса, сонда ғана әр бала өз ісіне сын көзбен қарауға дағдыланады.

# Мектеп психологының диагностикалық қызметі жайында

**А. МАХАНОВА**

Мектептің педагог-психологының алғашқы атқаратын жұмысының бірі – оқушылардың психологиялық картасын дайындау болғандықтан, ең алдымен диагностикаға жүгінетіні мәлім. Бұл термин гректің «dia» – арасында, сонан соң және «gnosis» – білім деген екі ұғымынан құралады. Жалпы «*диагностика*» адам, ұжым, құбылыс, процесс туралы жинақталған білім негізінде жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде түсіндірілсе, ал «*психодиагностика*» жеке адамның психологиялық құрылымын тұтасымен танып білуге және белгілі бір психологиялық ерекшеліктерін анықтауда қолданылады.

*Педагогикалық диагностика* – педагогикалық үдеріс қатысушыларының жеке және топтық ерекшеліктерін, олардың білім алуын, тәрбиесін, дамуын, білімділігін тану және есепке алу бойынша танымдық-өзгертуші қызмет түрі, ол заманауи талаптарға, тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес келетін білімділік деңгейіне жетуге бағытталған.

*Психологиялық диагностика* – диагноз қоюға мүмкіндік беретін, кейбір психологиялық феномендердің мәнін анықтау мақсатында, диагностикалық үрдістерді құру мен қолданудың әдістемелік тәсілдер

мен құралдарын, принциптерін зерттейтін психология бөлімі. Диагностика қорытындысы диагноз қою болып табылады.

Ю.З. Гильбух «диагноз» терминінің кем дегенде екі мағынасы бар деп санайды: «*Біріншіден,* диагноз қандай да бір нақты сәтсіздікті жою мақсатында, оның мәнін, себептерін анықтауды білдіреді. *Екіншіден,* нысанның жалпы жай-күйін анықтау мақсатында, оны жан-жақты, тұтас зерттеуді диагноз деп айтуға болады. Психологиялық диагноз – тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сандық және сапалық түрде баға беру.

*«Диагностика»* түсінігінің мәні *«білім, эптілік»* және «*дағдыларды тексеру»* түсінігімен байланысты. *Психологиялық-педагогикалық диагностика* – оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың нәтижелігін анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеу тәсілі. *Психологиялық диагностика* – жеке адамның психикалық дамуының диагнозын қою үшін, ғылыми білімдерді қолдануға негізделген ғылыми-практикалық іс-әрекетті қажет етеді. Ал *психодиагностика* – диагнозды қоюдың теориясы мен практикасы болып табылады. К. Ингенкамп «*Педагогикалық диагностика*» ұғымын 1968 жылы бір ғылыми проект аясында медициналық және психологиялық диагностика негізінде енгізді. Педагогикалық диагностикалаудың ішіне бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық мағлұматтардың жиынтығы, оның анализі, үрдісі кіреді деді. Г.Б. Бейсенбекова «*педагогикалық дигностика* – педагогикалық мақсаты жетілдіру үшін алынған зерттеу қорытындысының талдауы негізінде жаңа ақпарат алу, білім берудің (оқу, тәрбие) сапасын жақсартуға және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған процесс» дейді. К.М. Гуревич «Психодиагностика екі жақты мәртебеге ие. Біріншіден, ол практикалық психологияның салыстырмалы дербес бағыты болып табылады, яғни психолог кеңес беруде немесе психотерапияда маманданған өзге психологтардың тапсырысы бойынша күрделі диагностикалық жұмыстарды орындап, сол салада мамандана алады. Екіншіден, психодиагностика психологтың клиентпен жүргізілетін жұмыстарының маңызды кезеңін құрайды. Екі жағдайда да психодиагностика адамдардың психологқа шағымдана келетін өмірлік қиындықтарының себеп-салдарын анықтауға мүмкіндік беретін ұстанымдардың, әдістердің, әдістемелік тәсілдері мен үрдістердің кешенін анықтайды» деп дәлелдейді.

И.В Дубровин, М.К Акимов, Е.М. Борисов мектептегі диагностикалау әдісі өте тиімді әдістердің бірі деп есептейді. Диагностикалаудың маңызды бөлігі – бұл қадағалау. *Қадағалау* – білім, эптілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады.

*Тексеру* – бұл білім, эптілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі. Мән-мағыналық тұр-

ғысынан бақылау, қадағалау кері байланыс түзуді қамтамасыз етеді, яғни оқушылардың оқу әрекеттерінің нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу мүмкіндігін ашады. Л.С Выготский ескерткен: «Зерттеуші өзінің жұмысын жүргізу барысында тек ғана жинаған мәліметтерге емес сонымен қатар, өзінің тұлғалық қасиеттерінде жұмысқа қоса білуі қажет. Адамның қасиеттері диагностикалаудың ажырамас бөлімдерінің бірі, сондықтан зерттеуші тек топтастырылған суреттемелерге ғана емес сонымен қатар, мінез-құлықтағы өзгерістерді де байқауы қажет. Диагностикалау кезінде баланың жеке қасиеттеріне де көңіл бөлген жөн». Диагностикалық минимумда мектеп педагог – психологы жылдың басында алдын ала жылдық жоспар құрады.

*Диагностикалық минимумның* негізгі мақсаты – оқу процесінің мониторингі, оқушылардың даму деңгейлерін, мектеп ұжымына, сынып жетекшісіне, мұғалімдерге баланың барлық жағдайынан ақпарат беру.

Педагог-психолог жүргізілген диагностикалау әдістерінің нәтижесін шығарып, қорытынды жасайды. Диагностикалаудың маңызды бөліктерінің бірі – сүйемелдеу. Этимологиялық сөздікте «сүйемелдеу» сөзі «бірлескен қозғалыс», «қиындықтардан өтуде басқаларға деген көмек» деген мағынаны білдіреді. В. Даль сөздігінде «сүйемелдеу» сөзі «шығарып салу, бірге шығару, сүйемелдеу, көмектесу» деген сөздермен мағыналас десе, Ю. Слюсарев «сүйемелдеу» сөзін психологиялық тұрғыдан, түзету жұмыстарына бағытталған және де өзін-өзі жетілдіру мен адами қасиеттерді оятуға бағытталған сөз деп түсіндіреді.

*Сүйемелдеу* – белгілі біреумен жолдың жарты бөлігін серігі ретінде жүріп өту деген мағынада берілген. Қазіргі таңда психологиялық сүйемелдеу дені сау адамдардың өмірлік жолдарында кездесетін қиындықтарынан арылуға көмектесетін қызмет. Мектепте оқушыларды сүйемелдеу жұмыстары да жүргізіледі. Сүйемелдеу баланы педагогикалық-психологиялық қолдау. Яғни оқушылардың денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын білу, оқушының білімі, сыныппен қарым-қатынасы, мамандық таңдаудағы қиындықтары, эмоциялық күйзеліс жағдайлары және т.б. мәселелерді шешуге көмек беруі керек. Бұл мәселелерді анықтауы үшін төмендегідей диагностикалау әдістерін жүргізуі тиіс:

*Тест* ***(ағылшын. test – сынау, сынама) – жеке тұлғаның даралық-психологиялық қасиеттерін, сондай-ақ білімін, білігі мен машығын салыстырмалы шамалармен өлшеуге арналған стандартталған тапсырмалар.***

Психологиялық тестер жүргізу өзіндік таным, өзіндік даму, мінез-құлықты коррекциялау (түзету) құралы ретінде қолданылады. *Тест жүргізу* – қалыптасқан сұрақтар мен тапсырмаларда тұратын белгілі маңыздылық көрсеткіші бар психологиялық-диагностикалық әдіс. Жеке ерекшеліктерді анықтау үшін қолданылады. Педагогикада оқытудың ұзақтылығын көбейтумен және оқу бағдарламасын күрделендірумен

байланысты қолданылатын диагностикалық әдіс. Ол жеке тұлғаның даму деңгейін, дағдысын, білімнің, ерекшеліктерін анықтауға жағдай жасайды. Тесттердің көптеген түрлері бар. Бұлар – жетістік, зерделеу, креативті, проектілік, т.б. тесттер. Тұлғалар арасындағы тесттер түрлі топтардағы адамдар қатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

*Сауалнама* – анкета көмегімен ақпарат алу тәсілі. Оған жазбаша жауап алынады. Әңгіме, сұхбат, анкета сұрау әдістері болып топтастырылады. *Сауалнама әдісі* – пікір сұрау өткізу үшін іріктелген респонденттерге бірқатар сұрақтар қойып, олардан жауап алатын пікір сұрау парағы. Сауалнама кеңінен қолданылмастан бұрын мұқият жасалып, сынақ жүргізіліп, байқалған кемшіліктері болса жойылуы керек. Сауалнама құру – бір өнер деп саналады. *Сауалнама* – сауал арқылы бұқаралық материал жинақтау әдісі. Сауал, кімге арналған, сол жазбаша сұрақтарға жауап береді.

*Сұхбат* – газеттегі сұхбат құрамында көп кездесетін субъектілік болғанына қарамастан, ақпарат алушыларға қажет материалды бірінші болып алуға жағдай жасайды. Аталған субъектизм журналистің алған ақпаратын сұхбатқа айналдырып, қағаз бетіне көшірген кезінде өз елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен, газет бетіндегі интервьюер мен сұхбат берушінің сұрақ-жауап түріндегі әңгімесі оның түпнұсқасы емес.

*Сұхбат* – бұл белгілі бір жоспар бойынша жүргізілетін әңгіме. Ол еркін, стандартталған және ішінара стандартталған. Сұхбат диагностикалық (жеке тұлғаның қасиеттері туралы ақпарат алу әдісі) және клиникалық (адамға өзінің ішкі қиындықтарын, жанжалдарын, мінез-құлықтың жасырын себептерін түсінуге көмектесетін терапиялық әңгімелесу әдісі), қызмет өнімдерін талдауға бөлінеді. Бұл адам қызметінің табиғатын зерттеуге мүмкіндік беретін құжаттық және материалдық көздердің сандық-сапалық талдауы. Шынайы ақпарат алу үшін арнайы әдіс – *контент-талдау* – мазмұнды талдау әзірленді.

*Контент-анализ* – [ағылш. *Contents* – мазмұны] – халықаралық қатынастарды зерттеудің экспикативті әдістерінің бірі. *Контент-анализ* – мәтіндік және сөздік хабарламалардағы ақпараттың бағасын сипаттайтын және шығаратын әдіс. Ең алғаш контент-анализ XVIII ғасырда қолданылды. Швецияда кітаптағы мәтіннің жиілік өлшемімен қызмет етті. XX ғасырдың 30 жылдары контент анализ әдісі пайда болды.

*Контент-талдау* – құжаттардың мазмұнын зерттеу әдісі. Мәні – зерттелетін мазмұнның берілген бірліктерін жүйелі сенімді бекіту, осы бірліктерді есептеу және олардың (бірліктердің) статистикалық талдау әдісі. Олай болса педагог-психолог диагностикалау әдістерін үнемі әр сыныпқа жүргізіп, нәтижесін шығарып, ата-аналарына, пән мұғалімдеріне ұсынып отыруы тиіс. Сонымен қатар жыл сайын кешенді диагностикалау әдістерін жүргізіп, салыстырмалы талдау жасап, қорытынды

шығарып, нәтижесіне қарай терапиялық жұмыстар жүргізіп отыру тиіс деп ойлаймын.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 141 б.;

2. Жұбаназарова Н.С. Тұлғаны диагностикалау. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.-102 б.;

3. Абдуллаева П.Т. Диагностическая компетентность будущих педагогов-психологов в университетской среде: сущность и содержание // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2016. №3 (49).

# Программа «Счастливые родители – счастливые дети»

## (для родителей детей группы риска)

**Л.Н. ОМИЛАЕВА**

Современная школа осуществляет эффективное взаимодействие с семьей через различные формы и методы, ведёт просветительскую работу. Но основной проблемой остается конфликт «родителей и детей»: проблема взаимоотношений родителей и подростков. Именно она требует к себе более тщательного внимания. Даже в благополучных семьях могут возникать трудности в общении с подростками. И не всегда родители могут разобраться, где и как нужно поступать, чтобы не создавать конфликтную ситуацию. Так как конструктивные отношения между подростком и родителями определяют не только его успехи в школе и в социуме, но и помогают обойти формирование у него девиантного поведения.

Так, проведенный опрос родителей нашего лицея в 2022 году показал:

- Что у 14% опрошенных семей нет согласованных требований у членов семьи;
- Не все родители поддерживают своих детей в выборе интересов;
- 26% родителей не знают, с кем общается их ребенок;
- 30% родителей отметили, что дома у них не ладятся отношения с детьми - подростками.

Был сделан вывод, что в целом в семьях лицея сложилась хорошая спокойная обстановка, создающая условия для успешного воспитания. Но в среднем 30% родителей не имеют контакта с детьми и нуждаются в помощи семейных психологов.

Семья, как система межличностных отношений, взаимодействия родителей и детей, должна создавать благоприятные условия для интеллектуального, психического, физического и социального развития ребенка. Ведь свой первый жизненный опыт ребенок получает в семье: представления о добре и зле, здесь у него формируются представления о нормах поведения в обществе. Здесь он усваивает определенный тип отношений между мужчиной и женщиной, наблюдая за отношениями отца и матери в семье. Именно эта модель будет определять дальнейшее поведение ребенка в социуме.

Однако психологическая некомпетентность родителей наносит существенный ущерб процессу семейного воспитания и негативных жизненных установок у детей, что в свою очередь может отрицательно сказываться не только на взрослой жизни, но и отражаться в поступках подростков в школе и вне ее.

В своем выступлении Глава государства К. Токаев на VI заседании Национального совета общественного доверия сказал, что «Модернизация начинается с воспитания. Поэтому мы должны особое внимание уделять воспитанию подрастающего поколения. Нашей молодежи нужно прививать лучшие качества и ценности – нравственность, гуманизм, патриотизм, стремление к знаниям, трудолюбие, бережливость и прагматизм».

Вследствие чего необходимо сотрудничество родителей и школы в решении вопросах семейного воспитания. И главное место здесь должно отводится повышению психолого-педагогического образования родителей, которое позволит им обойти ошибки в семейном воспитании и найти правильные решения в сложных ситуациях. Повышая свою педагогическую культуру, родители осознают процесс изменения и становления личности ребенка и смогут оказать действенную помощь своим детям в социализации в окружающей среде.

Поменяются родители – поменяются взаимоотношение в семье – начнет меняться ребенок.

Программа взаимосвязана с воспитательной концепцией и программой социально-психологической службы лицея. Рекомендована родителям детей с девиантным поведением, а также имеющих трудности в общении со сверстниками и родителями. Рассчитана на 8 встреч с родителями (одна четверть): 16 часов по 2 часа в неделю. Группа родителей желательно должна быть неизменной в количестве 8-15 человек. Программу можно использовать для встреч с родителями в рамках Родительских гостиных.

*Цель программы*: объединение усилий в совершенствовании семейного воспитания в школе, повышения статуса отцовства и материнства, в формировании нравственно зрелого позитивного родительства, что позволит гармонизировать взаимоотношения родителей с ребенком и приобрести новый жизненный смысл, реализуя принцип «счастливый родитель - счастливый ребенок».

*Основные задачи программы*:

● Сформировать понимание родителями цели воспитания детей;

● Изучить с родителями закономерности и особенности личностного развития каждого ребенка;

● Научить родителей формулировать требования к детям, с учетом их возрастных и личностным возможностям и потребностям;

● Научиться принимать адекватные решения в конкретной педагогической ситуации;

● Уметь выбирать соответствующие ситуациям методы и приемы воспитания.

*Критерии достижения и реализации программы*:

*Родители должны:*

- иметь определенные ценностные отношения к ребенку и семье;
- иметь склонность к гармоничному стилю воспитания и адекватной воспитательной позиции;
- обладать высокоразвитым чувством личной ответственности;
- пользоваться системой психолого-педагогических знаний об особенностях развития и воспитания ребенка;
- эффективно и конструктивно использовать в деятельности полученные знания, умения и навыки для решения педагогических задач.

*Программа реализована, если:*

- Родители осознают цель воспитания в своей семье, формируя развитую, активную, социализированную личность ребенка. Родители могут выбирать направление и выстраивать содержание воспитания в семье в соответствии с возрастными особенностями ребенка. Имеют четкие представления об качествах, которые формируют в ребенке на данном этапе.
- При взаимодействии с ребенком, используют разные методики и опирается на его положительные стороны, побуждая его к анализу своего поведения. Стиль общения с ребенком носит демократический характер: согласованы, единые всеми членами семьи, не противоречащие друг другу.
- Родители самостоятельно занимаются педагогическим самообразованием, а в случаях затруднения обращаются за советом к квалифицированным специалистам: школьным психологам, социальным работникам.

*Формы и методы работы с родителями по реализации программы*:

о Лекции;
о Психологические тренинги;
о Анкетирования и диагностики;
о Упражнения и психологические игры;
о Групповые практикумы;
о Карта достижений;
о МАК-терапия;
о Арт-терапия;
о Кейс технологии.

***Учебно-тематический план:***

- Семейные традиции и обычаи в современной семье;
- Стили семейного воспитания и их влияние на поведение детей;
- Роль матери в воспитании детей;
- Роль отца в жизни ребенка;
- Внутрисемейное общение. Как избавится от сквернословия;
- Поощрения и наказания: как найти баланс в воспитании;
- Детско-родительские конфликты;
- Терапевтический тренинг «СемьЯ»

***Содержание авторской программы***

1 занятие – Семейные традиции и обычаи в современной семье. - 2 часа.

1) *Упражнение «Знакомство»;*
2) *Упражнение «Мои ожидания»;*
3) *Обсуждения правил группы;*
4) *Мини-лекция*: Семейные традиции и обычаи семьи, история семьи: «Семейные традиции – это обычные принятые в семье нормы, манеры поведения, обычаи и взгляды, которые передаются из поколения в поколение». Именно традиции выступают фактором регуляции жизнедеятельности людей, это основа воспитания детей.

Воспитание ребёнка начинается с отношений, которые царят в семье между родителями. В сознании детей откладываются привычки, подобные взрослым, вкусы, пристрастия, предпочтения задолго до того, как начинается процесс осознания происходящего. Ведь построение поведения детей идёт по примеру копирования.

Дети воспитываются не только родителями как таковыми, а ещё и той семейной жизнью, которая складывается. Приобщить к семейным традициям можно на личном примере самих родителей.

Именно с семьи начинается и приобщение к культуре, ребёнок осваивает основы материальной и духовной культуры. В условиях семьи, формируются и человеческие формы поведения: мышление и речь, ориентация в мире предметов и отношений, нравственные качества, стремления, идеалы.

Именно семья рождает ощущение преемственности поколений, а через это, причастность к истории своего рода, и развитие идеалов патриотизма. Семья, обеспечив стабильность, раскрывает способности, силы в члене семьи. И при воспитании детей, никакой иной институт не может заменить семью, именно ей принадлежит ведущая роль в становлении личности ребёнка.

Семейные традиции – это духовная атмосфера дома, которую составляют: распорядок дня, уклад жизни, обычаи, а также привычки обитателей.

Формирование традиций нужно начинать ещё в самом начале создания семьи, когда дети пока не появились или ещё маленькие. Традиции должны быть простыми, но никак не надуманными.

Чем счастливее были традиции и интереснее познание мира в родительской семье, тем больше радости будет у малыша и в дальнейшей жизни.

5) *Упражнение арт-терапии «Наследство»*

Сложите лист дважды и изобразите на каждой из его четырех частей: что Вы унаследовали из личных качеств родителей, что Вам хотелось бы от них унаследовать, что Вам не хотелось бы от них унаследовать, какие из этих качеств Вам хотелось бы передать детям. Варианты: нарисуйте Ваше прошлое и настоящее в семье, и каким Вам хотелось бы их видеть, изобразите сильные и слабые качества, унаследованные Вами от родителей

6) *Опросник «Эмоциональная атмосфера в семье».*

7) *Упражнение «Колесо баланса»* (степень удовлетворения сферами своей семейной жизни: воспитательная, репродуктивная, экономическая, восстановительная, коммуникативная, хозяйственно-бытовая).

8) *Упражнение «Осуществление ожиданий»*

**Литература:**

1. Методическое пособие «Семейное воспитание», МОН РК Институт семейного воспитания, Астана, 2012;

2. https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-vi-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-16104216

3. Елена Тарарина Практикум по арт-терапии: шкатулка мастера http://maxima-library.org/mob/b/394850?format=read

4. https://mirpozitiva.ru/parables/2236-pritcha-vospityvay-detey-slovom.html

5. Юлия Латуненко «Материнский сценарий. Как наши детские травмы влияют на взрослую жизнь и воспитание собственных детей».

# Конспект занятия с дефектологом

Р.Х. РАХИМБЕРЛИЕВА

**Тема занятия: «Зима. Аппликация из ватных дисков»**

**Коррекционно-образовательные цели:**

Уточнить и расширить представление о зиме, ее приметах;

Уточнить и активизировать словарь по теме, учить отвечать на вопросы, составлять предложения, подбирать слова-признаки и слова-действия.

**Коррекционно-развивающие цели:**

Развитие зрительного внимания и восприятия, речевого слуха и фонематического восприятия, памяти, тонкой и общей моторики.

**Коррекционно-воспитательные цели:**

Формирование навыков сотрудничества, взаимопонимания, доброжелательности, самостоятельности, инициативности, ответственности, воспитание любви к природе.

**Материалы:** картон – основа; салфетка, розетка для клея, клей, подставка для кисточек, кисть для клея, клеенка (на каждого ребёнка, цветной клей для украшений. Ватные диски разные по величине. На маленьком нарисованы «лица» снеговиков с разными эмоциями. «Метелочки», сделанные из ватных палочек и ниток. Манка, вата, бумажные салфетки, кружочки бумаги. Шапочки и шарфики разных цветов. Снеговик игрушка.

**Ход занятия:**

**I. Психолого-педагогический настрой.**

Мы пришли сюда учиться,
Не лениться, а трудиться.
Слушаем внимательно
Работаем старательно.

**II. Лексическая тема.**

- Ребята, как вы думаете, какое сейчас время года?
- А как вы узнали, что к нам пришла зима?

• На улице сильный мороз.
• На улице выпал белый пушистый снег.
• С крыш домов свисают сосульки.
• На улице метет сильная метель.
• Ночь длиннее, а день короче.
• Солнышко светит, но не греет.
• На дороге гололед.
• На дороге поземка.

- Зимой на улице бывает разная погода. То метель разыграется, то мороз сильный, то снегопад. Я буду называть природное явление, а вы

отвечайте.

Мороз (что делает?) – трещит, щиплет, кусает…

Метель (что делает?) – вьется, бушует, воет, метет… .

Снег (что делает?) – идет, летит, падает, кружится… .

Дети (что делают?) – гуляют, катаются, играют, веселятся, радуются…

**Д/игра «Назови ласково» с мячом.**

- Пришло время поиграть в мяч. Я буду называть слово, а вы будете говорить о нем ласково.

| | |
|---|---|
| Снег – снежок | Сосулька – сосулечка |
| Мороз – морозец | Дерево – деревце |
| Ветер – ветерок | Горка – горочка |
| Лёд – ледок | Холод – холодок |
| Зима – зимушка | Санки – саночки |

**Физкультминутка «Снеговик».**

Давай, дружок, смелей, дружок,

Идут по кругу, изображая, будто катят перед собой снежный ком.

Кати по снегу свой снежок. Он превратится в толстый ком, «Рисуют» руками большой круг.

И станет ком снеговиком.

«Рисуют» снеговика из трех комков.

Его улыбка так светла!

Широко улыбаются.

Два глаза, шляпа, нос, метла.

Показывают глаза, прикрывают голову ладошкой, дотрагиваются до носа, встают прямо, как бы держат воображаемую метлу.

Но солнце припечет слегка,

Медленно приседают.

Увы! – и нет снеговика.

Разводят руками, пожимают плечами.

**Упражнение «Закончи предложение».**

- Ребята, давайте поиграем. Я буду говорить начало предложения, а вы будете добавлять слово СНЕГОВИК.

- Мы решили слепить…(снеговика).

- Мы приделали нос-морковку нашему… (снеговику).

- Мы показали соседям нашего… (снеговика).

- Мы играли с нашим … (снеговиком).

- Мы рассказали бабушке о … (снеговике).

- Молодцы, ребята. А теперь давайте все вместе произнесем четко слово снеговик, а затем прохлопаем его.

- А теперь произнесите это слово по очереди, прохлопывая его. (Дети по одному выполняют задание, называя, сколько слогов в этом слове.)

**IV. Основная часть:**

А теперь, мы с вами перейдем к аппликации. Посмотрите, на столах у

вас лежит картон голубого цвета, ватные диски, клей, клеенка, кисточка, салфетки, подставка. Эти материалы мы будем использовать на занятии.

**Дефектолог:** Ватные диски, метелочки, раскладываются на основе. Ватным диском заменю я снежный ком. И еще один потом. Глазки – уголечки. Розовые щечки. Вот улыбка. Морковка-нос. Получился мой Мороз. В руку дам ему метлу, Не замерзнет на ветру. Дети наклеивают. Дефектолог помогает советом. Предлагает нарисовать снег, снежинки, используя манку, бумагу, вату, салфетки.

**Д/игра «Найди пару»** (выбрать шапочку и шарфик для снеговика по цвету и рисунку).

Наклеивание деталей.

**Дефектолог:** Какие красивые снеговики у вас получились, молодцы ребята!

**V. Закрепление:**

- О каком времени года сегодня говорили?
- Какие игры понравились?
- Что узнали нового?

**VI. Итог урока.**

# Жағымды қарым-қатынас орнатуға арналған жатығулар

**А. АРПАБАЕВА**

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу үшін оқушылар өзара қарым-қатынасымен жұмыс жүргізу қажет. Төмендегі психологиялық жаттығулар тізбесі сыныпта жағымды қарым-қатынас туғызуға көмектеседі.

**I. Жаттығу:** ***«Сәлемдесу»***

**Мақсаты:** Сенімді қарым-қатынас жасау барысында жағымды эмоционалды сезімді құру, сенімді байланыс жасау жолдарын үйрету.

**Барысы:** Қатысушылар шеңбер бойына тұрып кезекпен бір-бірімен сәлемдесу барысында серіктесінің жеке ерекшеліктерін айтады. Мысалы: «Мен сені көргеніме қуаныштымын және айтайын дегенім, сен бүгін керемет құлпырып тұрсын!».

Осы психологиялық сергіту сәті кезінде топ мүшелері қарым-қатынаста сенімділікке бет бұру қажет.

Жүргізуші қатысушының байланыс барысында әрбір сөйлеу мәнеріне көңіл аударуы қажет.

**Талдау:** Қатысушылар сәлемдесу кезінде ең нәтижелі шыққан әдістерді атап айтуына болады.

**II. Жаттығу:** ***Ешкім білмейді…***

**Мақсаты:** Өзін-өзі таныту үрдісін жарнамалау.

**Барысы:** Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізушінің қолында доп болады.

- Қазір біз бір-бірімізге мына допты лақтырамыз, кімнің қолына доп тисе, сол адам мына сөйлемді аяқтауы тиіс: «Ешкім білмейді менің…» немесе «Ешкім білмейді менде…».

Әрбір қатысушы бұл жаттығуға міндетті түрде қатысуы керек, әрбір қатысушыда доп бірнеше реттен болуы шарт.

**III. Жаттығу:** ***«Алақан»***

**Жаттығудың психологиялық маңызы:** Жетістікке жету мақсаттарын айқындау

**Жаттығуды суреттеу:** Әрбір қатысушы бір бет қағазға өз алақанының саусақтарын аша отырып, оның контурын сызып шығады. Осыдан кейін салынған әрбір саусақ іштеріне алдағы үш жылда жетуге болатындай өзіндік мақсаттарды жазу керек. Ал алақан ортасына осы мақсатқа жету үшін кімге және неге сүйенетін сөз тізбегін жазу керек.

**Талдау:** Әрбір қатысушы осы жаттығу барысында өзі туралы жаңадан не білгендігі туралы айтады. Сонымен бірге әрбір қатысушы өз суреттерін көрсетіп, жетістікке жету үшін қойылған мақсаттарын айта алады.

**IV. Жаттығу:** ***Тосын сый***

**Мақсаты:** Қатысушылардың көңіл-күйіне ұнамды әсер ету.

**Жүргізуші:**

- Бұл жаттығудың аты – «Тосын сый» деп аталады. Қалай ойлайсыздар, тосын сый кімге беріледі? Өздеріңіз тосын сый алғанды ұнатасыздар ма? Ендеше мен сіздерге бір тосын сый дайындап қойдым. Сіздер мен үшін нағыз шынайы дос болғандықтан, сіздерді қуантқым келеді. Қараңыздаршы менің қолымда сиқырлы себет тұр. Ол – ерекше. Сіздер оның ішінен достыққа бейім, ешкіммен ешқашан дау-дамайға бармайтын парасатты, ақылды, мейірімді, адамгершілігі мол, кез келген уақытта қиын сәтте қол ұшын бере алатын, әрқашан одан үлгі алатын жанды көре аласыздар. Ендеше, тосын сыйды ашатын уақыт туды. Барлықтарыңыз мына сиқырлы себеттен бір-бір заттан алыңыздар. Бірақ барлық топ мүшелері алып болмайынша оны ашпаңыздар. Жақсы. Ал енді тосын сыйды ашатын уақыт туды. Кімді көріп тұрсыздар? Оған мұқият қараңыздар, оны жадыңызда сақтап қалыңыз. Ендеше, бағанадан бері айтылып отырған жан өзіңіз екенін естен шығармаңыз. Оған қарап күлімдеп жымиыңыз.

Жүргізуші себеттің ішіндегі конвертті бергенде, оның ішінде айна жатады. Топ мүшелері одан өзін көргенде қуанады, өйткені бағанадан бері айтылғандардың барлығы өзі туралы болады.

# Жады мен ойлауды дамыту

**Г. МАНАБАЕВА**

<table>
<tr><td>Оқу бағдарлама-сына сәйкес оқыту мақсаты:</td><td colspan="4">2.3.1.1 нысандар арасындағы себеп-салдар байланыстарын (сюжеттік суреттер, оқиғалар) анықтау</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="4">Оқушы істей алады: естігенін қайталайды, саусақтарымен түрлі жаттығулар жасайды.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақ кезеңі/ Уақыты</td><td>Психологтің іс-әрекеті</td><td>Оқушының іс-әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық - қозғаушылық<br>2 мин.</td><td>Ұйымдастыру кезеңі<br>Оқушымен амандасу, сабаққа дайындығын бақылау.<br>Сәлеметсің бе?<br>Көңіл-күйің қалай?<br>Жағымды көңіл-күй тудырамыз.<br>Орнымыздан тұрамыз,бір-бірімізге қарама-қарсы тұрып жақсы тілектер айтамыз.<br>Суретпен жұмыс.<br>Суреттерді бояу.<br>- Мына суреттен не көріп тұрсың?<br>- Жануарларды ата<br>- Үй жануарлары мен жабайы аңдарды ата,ажыратып, атап, боя.<br></td><td>Сәлемдесу<br>Күнделікті сөздерге жауап беру<br><br>Оқушы суреттерді бояйды.</td><td>«Смайлик» әдісі<br><br><br></td><td>Сұрақ-жауап<br>Күнделікті сөз планшеті</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>Тыңда – қайтала:<br>Қасқыр, аю, жолбарыс, қоян, түлкі, тиын, бұғы<br>Сиыр, ат, жылқы, түйе, қой, ешкі.<br>Олар туралы не білеміз?<br>Суретке қарап жануарлар туралы әңгімелеу. | | | |
| **Ізденуші-ұйымдастырушылық кезеңі** | **Ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау әдістемесі**<br>*(Ресей психологы А.З.Закт бойынша)*<br>***Шарты:*** Алғашқы 9 тапсырма анограмма ретінде берілген. Бұл сөздердегі әріптердің орындары ауыстырылған, мағынасыз сөздер. Тапсырманы шешу үшін әріптердің орны ауыстырылып қою керек, сонда дұрыс сөз шығады. Жауапты қағазға жазу керек.<br>**Тапсырма:**<br>1. Сепе;<br>2. Дәмеі;<br>3. Рамна;<br>4. Аждғай;<br>5. Иғамрат;<br>6. Роныдық; | Суреттер салу<br><br>Оқушы тапсырманы үлестірмелі парақшада орындайды | Жалпы білім беретін пәндерге байланысты сөздерді тыңда – қайтала | Сұрақ -жауап әдісі<br><br>Суреттер сөйлейді әдісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 7. Абытрлқы;<br>8. Ешешднкі;<br>9. Атсыпрам;<br>**Ойын «Сандарды есте сақта!»**<br>10 түрлі сандар жазылған кесте беріледі. Белгіленген уақыттан соң кесте алынады, ал оқушы есінде қалған сандарды қағазға түсіруі керек.<br>«Саған сандары бар кесте беріледі. Сен 5 минут ішінде неғұрлым көбірек санды есте сақтауың керек. 5 минуттан кейін кестені алып тастаған соң, есінде қалған сандарды жаз».<br>**Нәтижелерін өңдеу.** Алдыңғы әдістемеге үйлестіріп, оны жады түрінің көрсеткіші бірлікке жақын келсе, жадының сол түрі жақсы дамыған.<br>**«Жылдам, тап!» ойыны Қанша уақытта орындайды екенбіз?**<br>Ойша есептеп, жауаптарын жазамыз<br> | . | | «Сандарды есте сақта!» ойыны<br><br>**«Жылдам, тап!» ойыны** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | Желкілдеген желменен,<br>Жел егінді тербеген.<br>Өсірді оны дихандар,<br>Тамшылаған терменен. | Мұғаліммен бірге сергіту сәтін жасау | |  |
| **Рефлекцивті-коррекциялаушы кезеңі** | - Біз бүгін не істедік?<br>- Біз бүгін _______<br>Мақтау, мадақтау. | Жұмысты мадақтау, мақтау, қол шапалақтау | | Динамикасы |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Жады мен ойлау қабілеттері дамиды.

**Қандай түсініктерді игерді:** Толықтай жауап беру қабілеттері артып, әңгіме барысында көп нәрсені түсініп, білді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Естігенін қайталайды, саусақтарымен түрлі жаттығулар жасайды, есептеу дағдылары қалыптасады.

# Кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері

**С. МОЛДАХАНОВА**

**Мақсаты:** кәсіби іс-әрекеттегі күйзеліс жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктерін анықтау.

**Тренингке қатысушылар:** педагогтар.

**Көрнекіліктері:** түрлі-түсті қағаз, дәптер беттері, қаламсап, т.б.

**Тренинг барысы:**

**1. Топтарға бөлу** (түрлі-түсті қағазды таратып болған соң, әр түске бөлінген педагогтар бір-бірімен топтасады).

**2. «Танысу» жаттығуы:** әр педагог өзінің атын және нені ұнататынын айтады.

**3. Ми шабуылы** (педагогтарға сұрақтар қойылады)

1) Күйзеліс деген не?

2) Кәсіби күйзеліс ерекшеліктері?

3) Күйзелістің созылмалы жағдайы қандай кезде көрініс береді?

4) Жүйке жүйесі әлсіз адамдарға қандай адамдар жатады?

**4. «Күйзеліс»** жайлы ақпарат (шағын баяндама оқылады). Күйзеліс-бұл күтпеген шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп қатер жағдайындағы әрекеттер,шапшан шешімге келу қажеттілігі, қауіптенген сәттегі реакция, болып табылады. Күйзелістік жағдайда мақсатты әрекет – зейінді аудару мен бөлуді жүзеге асыру қиынға соғуы мүмкін, тіпті әрекеттің жалпы тежеліске ұшырауы немесе мүлдем бұзылуы мүмкін.

***Т. Кокс*** бойынша, күйзеліс – бұл тұлғаға қойылған талаптар мен осы талаптарды орындау қабілеттілігін салыстыру барысында туындайтын санаудың феномені. Бұл механизмдегі тепе-теңдіктің болмауы күйзелісті және жауап реакциясын тудырады.

Күйзеліс кез-келген қызметпен байланысты, сондықтан ештене істемейтін адам ғана одан аулақ болады ***(Ганс Селье).***

***Е.А. Климов*** классификациясы бойынша «адам-адам» мамандығының кәсіби күйзеліс ерекшеліктеріне келсек,кәсіби күйзеліс көбінесе «қиын клиентпен» қарым-қатынасқа түсу кезінде болады. Демек жұмыстағы шиеленіс ұзақ сақталуы мүмкін, соның салдарынан қызметкердің құштарлығын төмендетеді. Тиімді әрекет етуге немесе көмек көрсете алмауға әкеледі.Кәсіби күйзеліске эмоционалды бейтараптық, эмпатия, т.б. әсер етеді.

**5. «Айт» ойынның мақсаты:** импульсивтерді қимылдары бақылауды икемдеуді дамытуға бағытталған ойын. Аяқ астынан ойлаусыз іс-әрекет жасаудан сақтандыруды дағдыландырады.

**Мазмұны:** «Мен сіздерге қарапайым да күрделі сұрақтарды қоямын.Бірақ та сіздер оларға, мен «Айт!» деген бұйрық бергенде ғана жауап бересіндер. Қанекей жаттығып алайық: (Осы отырған барлығымыз жарқын болашақтан үлкен үміт күтеміз, дұрыс па?)... «Айт!», «Қазір жылдың қай мезгілі?» (Басқарушы кішкене үзіліс жасайды) «Айт!» «Қазақстан біздің Отанымыз,келісесіздер ғой!»... «Айт!» «Әркімнің өз арманы бар,солай ма?!»... «Айт!» және т.б.

**6. Топпен жұмыс** Педагогтарды 4 топқа бөліп, әр топқа тапсырмалар беріледі.

1. Мамандық таңдағанда тұлғалық типтік ерекшеліктерді ескеру керек пе?
2. Педагогтарда күйзеліс сезімдері жиі болып тура ма?
3. Кәсіби күйзеліс ұғымының мәні неде?
4. Күйзелістік күйден шығу үшін не істеу керек?

Жауаптар оқылып, талдау жасалады.

**7. «Алтылық»** Жылдам рет-ретімен санап «6» санына келгенде үндемей қол соғу керек. Қателескен адам орнынан тұрады, қайтадан қателессе орындықтың үстіне шығып тұрады.

**8. Өзін-өзі сендіру формуласы:**

- Мен толығымен өзімнің тәртібімді бақылаймын. Мен өз жолымдағы қиындықтарды көріп тұрмын және бұл менің жеке өсуімнің мүмкіндіктері;
- Мен өз ойым мен сезімімді бақылаймын;

- Менің өзіме деген сенімділігім күн сайын артуда;
- Менің өз мақсаттарыма қол жеткізуге жағдайым бар және мен қол жеткіземін;
- Мен өзімді бақытты, дені сау және сәтті оқушы сияқты елестетемін;
- Мен өзімді қалай елестетсем, сондай боламын;
- Мен сабырлымын және өзіме-өзім сенімдімін.

**9. Рефлексия:** Әр педагог бір – екі сөзбен бүгінгі тренинг жайлы өз ойларын білдіреді.

***Күйзеліс кезіндегі психологиялық көмек***

***Күйзеліс –*** ағзаның күш түсуге, алаңдаушылыққа және күнделікті қарбаласқа реакциясы. Асыра күш түскен жағдайда адамның көңіл-күйі нашарлайды,- басқа да белгілер пайда болады. «Күйзеліс»деген сөз ағзаның жай-күйін айқындайды, ол өмірдің қиын жағдайларына бейімделуге тырысады. Адам аса қиын физикалық және психологиялық қысымға ұшыраған кезде ,ең алдымен оның ағзасы қорғануға тырысады. Бірақ одан кейін бейімделіп алады және аса жоғары қысымдағы реакциясы оңтайлы жағдай болып қалады. Мұндай жағдай оң күйзеліс деп аталады. Ол адамның дұрыс психикалық дамуына және қоршаған ортаға бейімделуі үшін қажет. Алайда ағза жиі миға салмақ түсуге немесе физикалық жүктемеге шамасы келмейді. Мұндай жағдайда кез-келген қосымша қысым адамның дұрыс жай-күйін бұзуы және ауруға шалдықтыруы мүмкін.

***Белгілері:***

- Ашуланшақтық;
- Ұйқы көрмеу;
- Енжарлық;
- Көңіл-күйінің ауытқуы;
- Ойын ұштастыра білмеуі;
- Қызба іс-қимылы;
- Түнгі үрейлер;
- Асыра белсенділік;
- Аландаушылық;
- Тәуелділік;
- Қарым-қатынасының өзгеруі.

Мамандар адамды қатты эмоционалды толқуларға ұшырататын кез келген жағдай күйзелістің пайда болуына себеп болуы мүмкін деп есептейді. Күйзеліс баланың дүниеге келуі, күйеуге шығу сияқты оң эмоцияларды, сол сияқты баланың қаза болуы, жақын адамның қайтыс болуы сияқты кері эмоцияларды тудыруы мүмкін екендігін есепке алу қажет. Күйзеліске ықпал ететін жағдай болар-болмас сипаттада болуы мүмкін (көп уақыт кезек күту немесе жолда кідіріп қалу). Күйзеліске кез келген сәтте, кез-келген жаста ұшырауы мүмкін.

Күйзеліс – ауру емес, бұл қорғаныс механизмі, бірақ мұндай қорғаныс тұрақты болса, онда адам ауруларға осал болып келеді.

Жалпы күйзеліс әр адамға қажет, олай болмаса ол талапсыз адам болады.

Күйзеліс – бұл өзіндік энергия көзі. Бастысы оның ұзаққа созылуына жол бермеу керек.

# Авторлар туралы мәлімет
# Сведения об авторах

**АБДУЛЛАЕВА П.** – PhD, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті қауымдастырылған профессор м.а. Ақтау қаласы.

**АДИЛОВА Эльнура Адиловна** – PhD, преподаватель кафедры общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы.

**АЙМАГАНБЕТОВА Ольга Хабижановна** – преподаватель кафедры общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы.

**АРПАБАЕВА Айжан** – №42 орта мектептің педагог-психологы. Семей қаласы, Абай облысы.

**ЖАДРАЕВА Н.** – Б. Атыханұлы атындағы №36 гимназияның педагог-психологы. Алматы қаласы.

**КАМИЛОВ Салихан** – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті Педагогика және психология кафедрасының 3-курс студенті. Түркістан қаласы.

**КӨЛЕШОВА М.** – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті Педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті. Ақтау қаласы.

**МАНАБАЕВА Гулжанат Мухабаевна** – «№155 Д. Шыныбеков атындағы орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы. «Досбол» ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

**МАУЛЕНОВ А.** – ф.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті. Алматы қаласы.

**МАХАНОВА Асель Савитовна** – «Zerdesh» зияткерлік мектебінің педагог-психологы. Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

**МОЛДАХАНОВА Салтанат Жупарбековна** – «№51 «Дәуір» жалпы орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы. «Арай» ауылы, Ж. Ералиев а/о, Жетісай ауданы, Түркістан облысы.

**ОМИЛАЕВА Лариса Николаевна** – педагог-психолог КГУ «Школа-лицей №28 имени М. Маметовой» г. Алматы.

**РАХИМБЕРЛИЕВА Райса Хамидулловна** – учитель-дефектолог КГУ «СОШ №13» г. Уральск, Западно-Казахстанская область.

**ТҮРІКПЕН-ҰЛЫ Жолмұхан** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры. Алматы қаласы.